



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН РЕТТЕУДІҢ
ӨЗІНДІК МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН
ӘРТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ ҚАРЖЫ РЕТТЕУШІЛЕРІНІҢ
КРИПТОАКТИВТЕРІ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ТӘСІЛДЕРІН ТАЛДАУ

Төлем жүйелері департаменті

№2024-7 экономикалық зерттеу

Молдабеков А.Қ.
Смекенов Б.О.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулер нәтижесін, сондай-ақ ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін қолданылады.

Мақалада берілген пікірлер мен уәждер автордың пікірін білдіреді және ҚРҰБ немесе оның басшылығының көзқарастарын білдіретін ретінде қабылданбауы тиіс.

Цифрлық қаржы активтерін реттеудің өзіндік моделін қалыптастыру үшін әртүрлі елдердегі қаржы реттеушілерінің криптоактивтері нарығын реттеу тәсілдерін талдау

2024 жылғы қараша

NBRK - WP - 2024 - 7

Цифрлық қаржы активтерін реттеудің өзіндік моделін қалыптастыру үшін әртүрлі елдердегі қаржы реттеушілерінің криптоактивтері нарығын реттеу тәсілдерін талдау

Молдабеков Арлен¹, Сmekенов Бақыт²

Аннотация

Зерттеуде әлемдік криптоактивтер (цифрлық активтер) индустриясының қазіргі жай-күйі, сондай-ақ криптовалюталар, стейблкоиндер, токендер және басқа да цифрлық активтер сияқты элементтерді қоса алғанда, нарықты құқықтық реттеу мәселелері талданады.

Технологияның дамуымен және криптоактивтердің танымалдығының артуымен қатар: жоғары құбылмалылық, инвесторлар қаражатының жаппай ысырап болу, киберқатер, құқықтық белгісіздік, сондай-ақ ақшаны жылыстатуды қоса алғанда, заңсыз операцияларда криптоактивтерді пайдалану тәуекелдері де артады.

Жұмыстың негізгі мақсаты – криптоактивтерге тән тәуекелдерді ескере отырып, оларды реттеудің қолданыстағы халықаралық және ұлттық тәсілдеріне талдау жүргізу, құқықтық белгісіздік пен технологиялық қатерлерге байланысты негізгі проблемаларды анықтау, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру бойынша шешімдер ұсыну. Ұлттық деңгейде криптоактивтерді реттеуге бірыңғай және келісілген тәсіл жасау қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Бұған нарыққа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаржылық қылмыстардың алдын алу және экономикалық тұрақтылықты сақтау кіреді.

Зерттеудің маңызды элементі – айқындылық, жауапкершілік және инновация қағидаттарына негізделген реттеудің тиімді тетіктерін әзірлеу. Бұл тетіктер криптоактивтерге байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді және оның дәстүрлі қаржы жүйесіне интеграциялануына ықпал ете отырып, осы нарықтың орнықты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Нақты активтерді токендеу мен цифрлық экономикаға инновациялық технологияларды ендіруге ерекше назар аударылды. Активтердің жаңа нысандарына көшу барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың маңыздылығы атап өтіледі. Зерттеуде қазіргі заманғы сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, токенделген активтер мен цифрлық қаржы құралдарын қоса алғанда, цифрлық активтер индустриясы үшін тендестірілген реттеуді құру бойынша ұсынымдар ұсынылады.

¹ Молдабеков Арлен – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Төлем жүйелерінің саясаты басқармасы бастығының орынбасары. E-mail: Arlen.Moldabekov@nationalbank.kz

² Сmekенов Бақыт – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Төлем жүйелерінің саясаты басқармасының бас маман-экономисі. E-mail: Bakyt.Smekenov@nationalbank.kz

Негізгі сөздер: криптоактивтер (цифрлық активтер), криптовалюталар, стеблкоиндер, DeFi (орталықтандырылмаған қаржы), NFT, токендер, монеталар, криптоиндустрия, цифрлық қаржы активтері, блокчейн, Биткоин (BTC), Ethereum (Эфириум (ETH), майнинг, ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл (AML), өз клиентіңізді біліңіз (KYC)

JEL classification: G19, E22, E44, E58

МАЗМҰНЫ

1.	КІРІСПЕ	6
2.	ӘЛЕМДІК КРИПТОИНДУСТРИЯ, ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ	7
3.	КРИПТОАКТИВТЕРДІ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ	11
3.1.	ЖЕКЕЛЕГЕН ЕЛДЕРДІҢ КРИПТО АКТИВТЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ	14
3.2.	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ	29
4.	ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ КРИПТОАКТИВТЕРДІ РЕТТЕУДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПРАКТИКАСЫ	33
5.	ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	40
6.	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	45

1. КІРІСПЕ

Криптоактивтер, соның ішінде криптовалюталар, стейблкоиндер, токендер және блокчейн технологиясына негізделген басқа құралдар соңғы жылдары жаһандық қаржы жүйесінің маңызды элементіне айналды. Олардың қарқынды өсуі мен танымалдығының артуы бизнес пен инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктерді, сол сияқты ұлттық экономикалар үшін маңызды тәуекелдерді де туындатады. Халықтың (әлемде, сол сияқты Қазақстанда да) криптоактивтердің жаһандық айналымына тартылуының артуы жағдайында мемлекеттердің алдында азаматтардың мүдделерін қорғауға және тәуекелдерді барынша азайтуға қабілетті барабар құқықтық және реттеуші базаны қалыптастыру міндеті тұр.

Криптоактивтерге байланысты негізгі сын-қатерлердің ішінде олардың жоғары құбылмалылығын, киберқатерді, құқықтық белгісіздікті және ақшаны жылыстатуды қоса алғанда, заңсыз операцияларда пайдалану мүмкіндігін бөліп айтуға болады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тиімді реттеу тетіктерінің болмауы құқықтық белгісіздікті туындатады, бұл бүкіл қаржы жүйесі мен тұтастай экономика үшін институционалдық тәуекелдерді туындатады. Осыған байланысты криптоактивтерді реттеудің тиімді жүйесін әзірлеу үкіметтер, орталық банктер мен халықаралық ұйымдар үшін басым міндеттердің біріне айналып отыр.

Алайда, реттеу шаралары қаншалықты қатаң болса да, азаматтардың саналы түрде қатысуы және түсінуі болмаса, олардың мүдделерін толыққанды қорғауды қамтамасыз ету мүмкін емес. Халықтың қаржылық сауаттылығы тәуекелдерді азайтуға және жинақ ақшаның жаппай шығынын болдырмауға мүмкіндік беретін өте маңызды фактор болып табылады. Азаматтарды цифрлық активтермен жұмыс істеу негіздеріне оқыту, оларға байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну пайдаланушыларға неғұрлым салмақты және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, бұл теріс қаржылық салдардың ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді.

Сонымен қатар криптоактивтер технологиялары негізінде қауіпсіз қаржы құралдарын дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды міндетіне айналуға тиіс. Бұл нарықтың тұрақты және қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа технологияның ең жақсы аспектілерін алуға мүмкіндік береді. Активтерді токендеу және активтерді инвестициялау мен басқарудың жаңа перспективаларын ашатын цифрлық қаржы құралдарын пайдалану мысал бола алады.

Алайда, бүгінгі таңда цифрлық активтерді құқықтық реттеуге бірыңғай тәсілдің болмауы басты проблемалардың бірі болып қала береді. Бұл құқықтық белгісіздікке әкеліп, теріс пайдалану үшін жағдай жасайды. Кейбір елдер нормативтік базаны құру арқылы криптоактивтерді өз экономикасына интеграциялауға ұмтылса, басқа елдер қатаң шектеулер немесе толық тыйым салу арқылы консервативті түрде әрекет етеді, ал кейбіреулері олардың бар екенін мүлдем елемейді. Мұндай жағдайларда криптоактивтер индустриясына

бірыңғай тәсілді қамтамасыз ететін реттеудің әмбебап қағидаттарын әзірлеудің маңыздылығы артады.

Бұл зерттеудің мақсаты – криптоактивтердің даму деңгейін және әлемдік экономика мен Қазақстанның экономикасына ену деңгейін талдау, халықаралық және ұлттық деңгейлерде криптоактивтерді реттеудің қолданыстағы тәсілдерін зерделеу, түйінді проблемалар мен тәуекелдерді анықтау, сондай-ақ Қазақстанда криптоактивтерді реттеудің неғұрлым икемді, теңгерімді және тиімді құқықтық жүйесін құру үшін ұсынымдар әзірлеу. Ұсыныстар мен ұсынымдар Қазақстан нарығының ерекшеліктерін ескеруі, инновацияларды қолдауы, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықты және нарыққа қатысушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

2. ӘЛЕМДІК КРИПТОИНДУСТРИЯ, ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ


Криптоактивтерді әлемдік нарықтық капиталдандыру 2024 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша **2,2 трлн АҚШ долларын** құрайды (*бір жылда 100%-ға, 2023 жылғы тамыздың соңында 1,1 трлн АҚШ долларына өсті*), бұл KASE индексіне кіретін барлық акцияны капиталдандырудан (*50,7 млрд АҚШ доллары*) 43 есе, Қазақстанның 2023 жылғы ЖІӨ-нен 8 есе асады (*259,7 млрд АҚШ доллары*) және әлемдік қор нарығын капиталдандырудың жалпы көлемінен 50 есе төмен (*саратшылардың бағалауы бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша 111,2 трлн АҚШ доллары*). Криптоактивтер нарығын капиталдандырудың ең жоғары деңгейі **2021 жылғы қарашада** болып, шамамен **3 трлн АҚШ долларын** құрады. [1], [2]

Қазіргі уақытта әлемде 14 мыңнан астам криптовалюта бар, ал нарық өте жоғары деңгейде шоғырланған – 8 криптовалюта³ бүкіл нарықтың **84%-ын** құрайды (*«Bitcoin» – 53%, «Ethereum» – 14%, «Tether» – 5% және т.б.*). [1]

Негізгі және капиталды көп қажет ететін **Биткоин** криптовалютасын нарықтық капиталдандыру (**BTC, 1 BTC = 59 460 АҚШ доллары**) **1,1 триллион АҚШ долларын** құрайды (*бүкіл нарықтың 53%-ы*), бұл криптоактивтер нарығында биткоиннің үстемдігін көрсетеді. [1]

³ 1) Bitcoin, 2) Ethereum, 3) Tether, 4) BNB, 5) Solar (SOL), 6) USDC, 7) XRP, 8) Lido Staked Ether

2024 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша криптоактивтер нарығын капиталдандыру (млрд АҚШ доллары)



Дереккөзі: «CoinGecko» интернет-ресурсының деректері негізінде

2017-2018 жылдардағы криптоактивтер индустриясы өсуінің алғашқы кезеңі криптовалюталардың танымал болуынан, криптобиржалардың пайда болуынан және сол кезеңдегі ең маңыздысы монеталарды бастапқы орналастыру мүмкіндігінің (ICO) пайда болуынан туындады. 2020-2022 жылдарға сәйкес келген екінші кезеңі стейблкоин ұсынысының жылдам артуына, орталықтандырылмаған қаржы секторының (DeFi) өсуіне және бір-бірін алмастырмайтын токендер нарығына (NFT) байланысты болды.

Криптоактивтер индустриясы дамуының алғашқы кезеңдерінде (2009 жылдан бастап – Сатоши Накамото биткойннің құрылуы және алғашқы эмиссиясы) бұл жаңа құралдың танымалдығы көбінесе сол кездегі қол жетімді «майнинг» арқылы оңай пайда табу мүмкіндігіне байланысты болды.

Майнинг (ағылш. тіліндегі *mining* – пайдалы қазбаларды өндіру) – криптовалюта платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін есептеу қуаттары есебінен бөлінген тізілім жүйесінде жаңа блоктар құру қызметі. Платформада жаңа блок құру үшін жаңа (эмиссияланған) криптовалюта бірліктері есебінен сыйақы беріледі. Индустрияның даму басында майнингке тіпті шағын есептегіш қуат көзіне (дербес компьютер) ие кез келген адам қол жеткізе алатын болды, бұл адамдардың индустрияға ауқымды түрде тартылуына әкелді.

Алайда, биткойн мен басқа да криптовалюталар желісінде майнинг күрделілігі мен бәсекелестігінің артуына байланысты майнинг пулдары пайда бола бастады, олардың негізгі мақсаты – жүйеде блоктарды сәтті қосу мүмкіндігін арттыру және сыйақыларды тұрақты алу үшін жекелеген майнерлердің күш-жігерін біріктіру болды, ол сыйақы майнинг пулының барлық қатысушысының арасында майнинг пулы қуатының жалпы көлеміндегі оның есептегіш қуатының үлесіне байланысты пропорционалды түрде біркелкі бөлінеді. Осындай алғашқы майнинг пулы – **Slush Pool** 2010 жылы Чехияда құрылды. Уақыт өте келе майнинг пулдары криптовалюта экожүйесінің ажырамас бөлігіне айналды және майнинг пулының қатысушыларына сыйақы беру тәсілімен ерекшеленетін Pay-per-Share (PPS), Pay-Per-Last-N-Shares (PPLNS) сияқты сыйлық бөлудің әртүрлі модельдері пайда болды.

Уақыт өте келе, оның ішінде Қазақстанда жекелеген өңірлерде майнинг пулдары базасында қуат көзінің үлкен көлемінің шоғырлануы электр энергиясының үлкен көлемін тұтынатын және бүкіл елдің энергетикалық жүйесі үшін тәуекелдер туындататын майнинг пулдары мен майнерлерді реттеу қажеттілігіне әкелді.

Көптеген елдерде майнинг қызметін реттеуде оларды тіркеу, ықтимал орналасу орнын анықтау (өңірде, облыста және т.б. артық электр энергиясының болуына байланысты), тұтынылатын электр энергиясының көлемі үшін арнайы тарифтерді қолдану және кәсіпкерлік қызметтен түскен табысқа салық салу, сондай-ақ жекелеген жағдайларда жасыл электр энергетикасын дамытуға қаражат салымы бойынша міндеттемелер көзделеді.

Криптоиндустрия танымалдығының өсуіне 2011-2013 жылдары алғашқы «альткои́ндердің» пайда болуы да ықпал етті (*биткоин емес барлық монетаның жиынтық атауы. Мысалы, 2011 жылы – Litecoin*). Сол жылдары алғашқы **криптовалюта биржалары** пайда бола бастады (*Mt. Gox сияқты*), бұл криптовалюталарды, атап айтқанда биткоинді дәстүрлі валюталарға айырбастауға мүмкіндік берді.

Кейіннен сол кездегі ең танымал және ең ірі Mt. Gox криптобиржасы хакерлік шабуылдың салдарынан банкротқа ұшырады, бұл криптовалюталарға деген сенімнің айтарлықтай төмендеуіне әкелді.

2015 жылы Виталик Бутерин **Ethereum** (*Эфириум (ETH)*), танымалдылығы мен капиталдандыру көлемі бойынша 2-криптовалютаны іске қосты - 2024 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша **310 млрд АҚШ доллары** болды, бұл криптоактивтерді капиталдандырудың жалпы көлемінің **14%-ын** құрайды, *1 ETH = 2 587 АҚШ доллары*), ол **смарт-келісімшарттар** мен орталықсыздандырылған қосымшалар жасауға мүмкіндік берді, бұл блокчейн-технологияны пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болуы есебінен индустрияны дамытуға жаңа серпін берді.

Алайда, индустрия үшін ең маңызды оқиғалардың бірі және 2017 жылғы **21 млрд АҚШ долларынан** 2018 жылы **848,6 млрд АҚШ долларына** дейін нарықтың капиталдануы **40 есе** күрт өсуінің себебі (жаппай, жалпы әлемдік криптовалютаға қызығушылық жылдары) шағын компаниялар мен «стартаптар» өз токендерін шығару есебінен миллиондаған АҚШ долларын жинай бастаған монеталарды бастапқы орналастыру (**ICO**) қарқыны болды. Осы кезеңде жекелеген елдерде реттеуді қалыптастыру да басталды, ол 2013 жылы басталған болатын (*АҚШ, Еуропа Одағы, Қытай, Жапония*).

Алайда, қарқынды өсуден кейін нарық күрделі құлдырауды бастан кешті (*2019 жылы 127 млрд АҚШ долларына дейін*), бұл ICO дүрбелең кезеңінің аяқталуына алып келді және 2021 жылы келесі күрт өрлеуге дейін нарықтың біршама тұрақты жай-күйі қалыптасуына алып келді.

2020-2022 жылдары орталықсыздандырылған қаржы секторының (**Defi**), алмастырылмайтын токендер (**NFT**) және стейблкоиндер нарығының белсенді өсуі орын алды, бұл криптовалюталарға бұдан да көп көңіл бөлуге және нарықтың күрт өсуінің кезекті кезеңіне алып келді. Индустрияны капиталдандырудың өсуінде (өтімділіктің дәстүрлі экономикадан крипто экономикасына ауысуы) **COVID-19 пандемиясынан** туындаған бүкіл әлемдегі экономикалық тұрақсыздық маңызды рөл атқарды. Осы кезеңде индустрияның анағұрлым елеулі өсімі байқалды, оның капиталдануы **2021 жылғы қарашада** өзінің тарихи ең жоғары **3 трлн АҚШ доллары** мәніне жетті.

Стейблкоиндардың нарықтық капиталдануы (**stablecoin**) 2024 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша **168,9 млрд АҚШ долларын** құрайды

және криптоактивтердің жалпы нарықтық капиталдануынан **7.67%-дық** үлесі бар. [1]

Стейблкоин - неғұрлым тұрақты активке немесе фиаттық валюталарға байланыстыру есебінен криптоактивтің құбылмалылығын барынша азайтуға арналған. Әдетте бұл АҚШ доллары, еуро және британ фунты сияқты тұрақты ұлттық валюталар. Осындай дизайнның арқасында биткоинге, эфирге немесе басқа да криптовалюталарға тән жоғары құбылмалылыққа ұшырамай, блокчейн технологиясының артықшылықтарын пайдалануға болады. Алайда құнның байланыстырылуы толық резервтік өтеуді білдірмейтіндігі маңызды болып табылады, яғни осы стейблкоиндерді қамтамасыз ету ретінде алдын ала депонирленген қаражаттың болуына кепілдік жоқ.

2014 жылы стейблкоиндардың пайда болуы көбінесе криптовалюталардың жоғары және бақыланбайтын құбылмалылығына және криптоактивтер нарығында есеп айырысу операцияларын жүргізуге мүмкіндік беретін құбылмалылығы аз төлем құралын құру қажеттілігіне байланысты болды. Стейблкоиндер клиенттердің криптоактивтер нарығына кіруі үшін «көпірге» айналды.

Бағамы АҚШ долларына байланған ($1\text{ USDT} = 1\text{ АҚШ доллары}$) ең танымал стейблкоин – «Tether» немесе «USDT» үлесіне стейблкоиндер нарығын капиталдандырудың жалпы көлемінің («Tether» капиталдандыру көлемі **117 млрд АҚШ доллары**) **69%**-ы тиесілі. [1]

DeFi-дың нарықтық капиталдануы 2024 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша **71,4 млрд АҚШ долларына** жетті және криптоактивтердің жалпы нарықтық капиталдану үлесінің **3,2%**-ын құрайды. [1]

DeFi немесе орталықсыздандырылған қаржы — бұл криптонарықтың мүмкіндіктерін (дәстүрлі қаржы қызметтерін келтіру) пайдалана отырып, блокчейн технологиясы негізінде құрылған және орталықтандырылған делдалдары жоқ қаржы сервистері, яғни дәстүрлі қаржы институттарының рөлі теңестіріледі, бұл ретте криптоактивтер нарығында дәстүрлі қаржы қызметінің аналогтарын алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, DeFi нарығында ең көп капиталды қажетсінетін криптоактив «Lido Staked Ether» (*DeFi капиталдануының жалпы көлемінен 35,9%*) болып табылады, олар танымал Ethereum криптовалютасының «стейкингі» («staking») нәтижесінде сыйақы ретінде шығарылатын туынды активтер болып табылады. [1]

Стейкинг - бұл блокчейн желісін қорғауға көмектесетін токендерді/криптовалюталарды бұғаттау процесі. Тиісінше, бұғатталған криптоактивтердің иесі желіге көмектеседі және сол үшін сыйақы алады. Осылайша, стейкинг - бұл дәстүрлі банк жүйесіндегі жинақ банктік шоттардан алынатын сыйақының баламасы.

Индустрияны дамыту мен қалыптастырудың осы кезеңдері криптоидустрияның маргиналдық технологиядан жаһандық нарықтар мен экономикаға ықпалын жалғастыратын әлемдік экономиканың маңызды элементіне дейін қалай дамығанын көрсетеді.

Алайда мұндай ықпал ету медалінің кері жағы криптоактивтерге тән жоғары тәуекелдер болып табылады. Криптоактивтерді капиталдандырудың өсуіне және олардың танымал болуына қарамастан, осы нарық өте жоғары ауытқулар мен құбылмалылыққа ұшырағыш, олар көбінесе инвесторлар үшін

елеулі қаржылық шығындарға әкеледі, бұл индустрияның даму тарихында бірнеше рет көрініс алды.

Индустрияның осындай дамуы, қаржы жүйесі мен жалпы экономика үшін ықпалы артуы және криптовалюталарға тән тәуекелдер мемлекеттер тарапынан еленбеуі мүмкін емес. Қазіргі уақытта көптеген елдерде криптоактивтер индустриясын реттеудің құқықтық аспектілерін дамыту жалғасуда. Өртүрлі елдердің үкіметтері криптовалюталарды бақылау үшін, әсіресе оларды заңсыз операцияларда пайдалануға қатысты стратегиялар әзірлеуде.

3. КРИПТОАКТИВТЕРДІ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Криптовалюталарды бірінші нормативтік реттеу жекелеген елдердің оларды пайдалану және айналысқа жіберу үшін құқықтық шеңберлер белгілеу әрекеттерінен басталды. Бастапқыда тыйым салу практикасын ұстанған көптеген елдер теңгерімді реттеуді енгізуге көше бастады. Негізгі қадам 2010 жылдардың басында жасалды, ол кезде үкіметтер мен қаржылық реттеушілер криптовалюталардың танымалдығы өсуін және осыған байланысты тәуекелдерді сезіне бастады.

Саланы реттеу жекелеген елдерде 2010 жылы қалыптаса бастағанына қарамастан, қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық оны құру процесінде тұр.

Криптоактивтер индустриясын реттеудің халықаралық тәжірибесі әртүрлі елдердің заңнамалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі тәсілдерді көрсетеді.

Реттеудің негізгі модельдерін шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1) Айналысқа толық тыйым салу немесе шектеу (қатаң реттеу)

Мысалы, Қытай, үкіметі қаржы тұрақтылығын қорғау және заңсыз операцияларға жол бермеу қажеттігіне сілтеме жасай отырып, майнингті қоса алғанда, криптовалюталармен операцияларға толық тыйым салды.

2) Жұмыс істеп тұрған қаржы жүйелерімен ықпалдасу немесе қолданыстағы реттеу шеңберінде бейімделу (қалыпты реттеу)

АҚШ-та криптовалюта қаржы активтері ретінде қарастырылады. Реттеуді SEC (Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия) және CFTC (Тауар фьючерстері саудасы жөніндегі комиссия) сияқты әртүрлі ведомстволар жүзеге асырады. Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес (AML – anti money laundering) және KYC талаптарын сақтау туралы (Know your client) заңдар қабылданды.

Еуропа Одағында Markets in Crypto-Assets Regulation (MiCA) ретінде танымал бірыңғай заңнамалық акт қабылданды, онда цифрлық активтер нарығына қатысушылар үшін негізгі қағидалар айқындалған.

3) Белгілі бір арнайы экономикалық аймақтар шеңберінде айналысқа рұқсат беру (қалыпты реттеу)

Жекелеген елдерде жекелеген экономикалық аймақтарда криптовалюталарды айналысқа шығару рұқсатын енгізу тәжірибеленеді.

Мысалы, Біріккен Араб әмірліктері, Қазақстан, Сингапур, Гонконг және басқалары.

4) Либералдық реттеу немесе қолайлы жағдайлар жасау

Кейбір мемлекеттер перспективалы саланы дамыту үшін жағдай жасауға ұмтылады. Мальта мен Швейцария (жекелеген өңірлері) крипто компаниялар үшін қолайлы жағдайлар жасауымен белгілі.

5) Нақты реттеудің болмауы (реттелмейтін нарықтар)

Аргентина, Венесуэла, Бразилия, Мексика және Перу сияқты кейбір елдерде, сондай-ақ Африканың бірқатар елдерінде криптовалюталарды реттеу белгісіз болып қалуда, бұл мүмкіндіктерді де, тәуекелдерді де туындатады. Мұндай юрисдикцияларда құқықтық реттеудің жоқтығы пайдаланушылар мен бизнес үшін белгісіздікке әкеп соқтырады, заңдық қайшылықтар, құқықтар мен сенімді құрал ретінде қорғаудың болмауына байланысты алаяқтық қаупі артады.

Ұзақ уақыт бойы халықаралық ұйымдар тарапынан біріздендірудің және ұсынымдардың болмауы, салық салу, тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тұрғысынан белгісіздікке әкелген құқықтық мәртебесінің (тауар, қаржы активі немесе төлем құралы ретінде сыныптау) айқын болмауы, сондай-ақ бірыңғай басқару орталығының болмауын білдіретін және юрисдикция мен жауапкершілікті айқындауды қиындататын криптовалюталардың орталықсыздануы, анонимділігі сияқты қасиеттерімен байланысты цифрлық активтерді реттеуді қалыптастырудағы негізгі қиындықтар болды, бұл операцияларды қадағалау мүмкіндігінің болмауынан криптовалюталарды заңсыз мақсаттарда пайдалану тәуекелін және реттеушілерінде осы саладағы білім мен тәжірибенің дәстүрлі нарығы жеткіліксіздік болуын туындатады.

Цифрлық активтерді реттеудің мынадай негізгі тәуекелдері мен сын-көзқараларын атап өтуге болады:

1) Қаржылық тәуекелдер

Цифрлық активтер, әсіресе криптовалюталар, жоғары құбылмалылығымен сипатталады, бұл оларды құны тұрғысынан болжауға болмайтындай етеді. Бағамның күрт ауытқуы инвесторлар мен нарыққа қатысушылар үшін елеулі шығынға әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелдер инвесторларды қорғау және цифрлық активтер нарығын тұрақтандыру үшін тетіктер әзірлеу қажеттілігі туралы мәселені көтереді. Реттеушілер біліктілік деңгейіне, біліміне, капиталдың жеткіліктілігі көлемінің болуына және т.б. байланысты инновацияларды немесе инвесторлардың қатысуын шектемей, құбылмалылықты төмендетуге және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға көмектесетін шараларды айқындау міндетіне тап болады. [3]

Негізгі қаржылық тәуекелдер мыналар:

- жоғары құбылмалылық;
- қамтамасыз етудің болмауы (нақты активтермен қамтамасыз етілмеген көптеген криптовалюталар жағдайында);

- ірі ауқымды іркілістер немесе цифрлық активтерге сенімді жаппай жоғалту жағдайында, жүйелік дағдарыс тәуекелі;

- монетаның құны күрт төмендеуі жағдайында, елеулі шығынға әкелуі мүмкін инвесторлар үшін цифрлық активтерге салымдарды сақтандырудың мүмкін болмауы.

2) Технологиялық тәуекелдер

Цифрлық активтердің технологиялық негізі, блокчейн. Блокчейн транзакцияларды қорғаудың жоғары дәрежесін білдіреді деп есептеледі, бірақ іс жүзінде киберқауіпсіздік қатерлерін жоққа шығаруға болмайды. Криптовалюта биржаларын бұзу, смарт-келісімшарттардағы осалдықтар және блокчейн желілеріне шабуыл жасау қауіпі елеулі қауіпті білдіреді. Цифрлық активтер мен олардың инфрақұрылымы көбінесе орталықтандырылмағандықтан, олардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік көбінесе нарыққа жеке қатысушыларға жүктеледі, бұл реттеушілер үшін бақылау мен қорғауды күрделі міндет етеді.

Негізгі технологиялық тәуекелдер:

- криптовалюталық биржалар мен әмияндарды бұзу;
- смарт-келісімшарттар мен орталықсыздандырылған қосымшалардың осалдығы;

- желінің тұтастығын бұзуы мүмкін блокчейнге шабуыл жасалуы (мысалы, 51% шабуыл);

- жеке кілттерді сақтаудағы проблемалар: кілттердің жоғалтудан активтерге қолжетімділіктің жоғалту.

3) Тұтынушылар үшін тәуекелдер

Цифрлық активтер институционалдық инвесторлардың ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғалардың кең ауқымының назарын аударады, олардың көбінде осы нарықтың ерекшелігі туралы жеткілікті деңгейде білімі жоқ. Реттеушілік қадағалаудың жетіспеушілігі тұтынушылардың алаяқтықтың, нарықтық манипуляциялардың және инвестициялаудың айқын емес шарттарының жоғары тәуекелдеріне ұшырауына әкелуі мүмкін. Мысалы, қамтамасыз етілмеген немесе алаяқтық ICO (Initial Coin Offerings) жағдайлары нарыққа қатысушылар үшін жиі кездесетін проблемаға айналады.

Тұтынушылар үшін туындайтын негізгі тәуекелдер:

- алаяқтық: заңсыз схемалар және алаяқтық жобалар (мысалы, пирамидалар немесе жалған ICO);

- нарықтың айқын болмауы: цифрлық активтермен байланысты қаржы өнімдері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі немесе шатастырылуы;

- тұтынушылардың құқықтарын қорғау стандарттарының болмауы: көптеген елдерде цифрлық активтерге инвесторларды қорғау үшін әзірге нақты құқықтық нормалар жоқ;

- қайтару тетіктерінің болмауы: алаяқтыққа немесе қателіктерге байланысты шығын жағдайында, пайдаланушылар көбінесе өз қаражатын қайтара алмайды.

4) Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты тәуекелдер (AML/CTF)

Цифрлық активтер ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, оларды қылмыстық қызметте пайдаланғаны үшін жиі сынға алынады. Көптеген криптовалюталардың анонимділігі мен орталықсыздығы оларды қылмыстық топтар үшін тартымды етеді. Осыған байланысты реттеушілер AML (Anti-Money Laundering) және CTF (Counter-Terrorism Financing) рәсімдерін сақтау бойынша қатаң шараларды енгізу қажеттілігіне тап болады, бұл орталықсыздандыру мен жекешелендіруге байланысты инновацияларды қиындатуы мүмкін.

AML/CTF негізгі тәуекелдері:

- операцияларды қадағалауды қиындататын транзакциялардың жасырын болуы;
- криптовалюталарды заңсыз мақсатта пайдалану: ақшаны жылыстату, заңсыз қызметті қаржыландыру;
- цифрлық активтермен байланысты қаржылық қылмыстарға қарсы күресте жаһандық үйлестірудің болмауы.

5) Заңдық тәуекелдер және құқықтық белгісіздік

Көптеген елдер әлі де цифрлық активтерді реттеу үшін құқықтық базаны әзірлеу сатысында, бұл нарыққа қатысушылар үшін елеулі заңдық тәуекелдер туғызады. Халықаралық деңгейдегі цифрлық активтерді құқықтық реттеу тәсілдеріндегі айырмашылықтар құқықтық белгісіздікке және юрисдикциялар қақтығысына әкелуі мүмкін. Компаниялар мен инвесторлар өз құқықтары мен міндеттерін түсінуде, сондай-ақ жұмыс істеуге лайықты юрисдикцияларды таңдауда қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Осылайша, цифрлық активтермен байланысты қаржылық, технологиялық және құқықтық тәуекелдер бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін елеулі сын-қатерлер болып табылады. **Осы тәуекелдерді тиімді басқару үшін елдер бір мезгілде инновацияларды ынталандыратын және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін реттеудің теңгерімді шараларын әзірлеуге күш жұмсайды.**

3.1. ЖЕКЕЛЕГЕН ЕЛДЕРДІҢ КРИПТОАКТИВТЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

1) Америка Құрама Штаттары (АҚШ)

АҚШ-та цифрлық активтер мен криптовалюталарды реттеу күрделілігімен және көп деңгейлі тәсілмен ерекшеленеді, өйткені ол әртүрлі федералдық және штаттық реттеушілердің іс-қимылын қамтиды. АҚШ-та криптовалюталар мен цифрлық активтер олардың пайдаланылуы мен жіктелуіне байланысты реттеледі.

Федералдық реттеу

АҚШ-та криптоактивтерді реттеу саласында **жеке/бейінді заңнамасы жоқ**. АҚШ заңнама өнім/сервис (бұл жағдайда «блокчейн» технологиясы) негізделген технологияға бағдарланбауы тиіс және оны экономикалық мәні тұрғысынан ғана қарау маңызды деген ұстанымды ұстанады.

Криптоактивтердің түрлеріне, олардың айналымына және осы сегмент субъектілерінің қызметіне қатысты АҚШ-тың қолданыстағы заңнамасының талаптары қолданылады және оларды сипаттамасына қарай әртүрлі мемлекеттік органдар реттейді.

Мысалы, криптовалюталар, токендер, токенделген қаржы активтері (бағалы қағаздар мен өзге де қаржы активтерінің цифрлық аналогы), сондай-ақ криптоактивтердің ICO (Initial coin offering, монеталарды бастапқы ұсыну/орналастыру) инвестициялық құралдарға жатады және оларды реттеу, биржалардың, дилерлердің және брокерлердің қызметін қоса алғанда, **АҚШ-тың бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы шеңберінде жүргізіледі**. Уәкілетті мемлекеттік орган – **АҚШ-тың Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясы** (SEC, The United States Securities and Exchange Commission). [4]

SEC цифрлық активтердің кейбіреулерін Хауи (Howey Test⁴) тестіне сәйкес «бағалы қағаздар» ретінде сыныптай отырып реттейді. Егер криптовалюта немесе токен осы тестке сәйкес келсе, ол тіркеуді, ақпаратты ашуды және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл қағидаларына сәйкестігін қоса, бағалы қағаздарға қолданылатын барлық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

SEC (ICO) монеталарын бастапқы орналастыруды жүргізген компанияларға қарсы бағалы қағаздар туралы заңнаманы бұзғаны үшін, әсіресе бағалы қағаздар деп танылған токендерді тіркелмей сатқаны үшін бірнеше ауқымды іс қозғады.

SEC бастаған резонанстық істердің қатарында Ripple Labs, Telegram және Gram Token, Binance, Coinbase және Kraken және Consensus биржаларына, ең танымал Metamask криптоәмияның әзірлеуші компанияға және Ethereum экожүйесінің маңызды бизнес бірлігіне қарсы қойылған талаптар бар [5].

Өз кезегінде **Тауар фьючерстерінің сауда комиссиясы** (CFTC, The United States Commodity Futures Trading Commission) биткоин мен басқа да криптовалюталарды алтын немесе мұнай сияқты «тауарлар» (commodities) санатына жатқызады. Бұл CFTC-ке криптовалюталардың фьючерстері мен деривативтерін реттеуге мүмкіндік береді. CFTC бағамен айла-шарғы жасаудың және деривативтер нарығындағы заңсыз іс-қимылдың алдын алу үшін криптовалюта нарықтарын да реттейді.

Қаржылық қылмысқа қарсы күрес желісі (FinCEN, The United States Financial Crimes Enforcement Network) криптовалютаны айырбастау пункттерін және цифрлық валюталармен жұмыс істейтін басқа да компанияларды ақша қызметтерін жеткізушілер (MSB) ретінде қарастырады. Бұл олардан Банк құпиясы туралы заңды (BSA), оған қоса клиенттерді сәйкестендіру міндеттемелерін (KYC), күдікті операциялар туралы есептілікті (SAR) және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы қағидаларды (AML) сақтауды талап етеді. 2013 жылы FinCEN нұсқаулық шығарды, онда цифрлық валютаны айырбастаумен айналысатын компаниялардың FinCEN-ге тіркеліп, AML/KYC талаптарын сақтауға тиіс екендігі жөнінде нақты айтылған. [4]

Қаржы ұйымдары криптовалютаны айналысқа жіберу үшін алаңдарды ұйымдастыру, токенделген активтерді шығару және crypto lending

⁴Тест Хауи (ағылш. Howey Test) — бұл активте бағалы қағаздардың белгісі бар-жоғын және «инвестициялық келісімшарт» болып табылатынын анықтауға көмектесетін өлшемшарттар тізбесі.

(криптовалютаны пайдалана отырып кредиттеу, сондай-ақ криптоактивтерді кепілге қою арқылы қаржыландыруды тарту) және crypto staking (криптовалюталарды әмиянда сақтағаны үшін сыйақы алу – классикалық депозиттің баламасы) сияқты цифрлық активтермен байланысты қызметке қатысатын жағдайларда, мұндай қызметті **АҚШ-тың Федералдық резервтік банкі** реттейді.

Ішкі кіріс қызметі (IRS, The United States Internal Revenue Service) криптовалюталарды валюта ретінде емес «меншік» (property) ретінде сыныптайды. Бұл дегеніміз, криптовалюталарды пайдалануға байланысты кез-келген оқиға (мысалы, сату, басқа криптовалюталарға айырбастау немесе тауарларды сатып алу) салық салынатын мәміле ретінде қарастырылады.

Азаматтар криптовалюта операцияларынан түсетін кірісті декларациялауға және капитал өсіміне салық төлеуге міндетті.

2020 жылдан бастап IRS криптовалюталарды иелену мен пайдалану мәселесін негізгі салық декларациясына енгізді, бұл салықтық міндеттемелердің сақталуын бақылауды күшейтеді.

Сонымен қатар, АҚШ заңнамасында **криптоактивтерді тек қана тиісті алаңдарда (криптовиржалар) пайдалану/айналысқа шығару** мүмкіндігін декларациялайтын талаптар жоқ. АҚШ-тағы криптобиржалар қор биржаларына қатысты реттеуге ұқсас реттеледі. Бірақ, криптоактивтер жеке тұлғалар арасындағы тікелей мәмілелер деңгейінде реттелетін алаңдардан тыс бір тұлғадан екінші тұлғаға берілуі мүмкін, яғни азаматтық-құқықтық қатынастар арқылы реттеледі.

Бұдан басқа, Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия тарапынан **«стейблкоиндерді»** жеке реттеу, оның ішінде қамтамасыз етуге, сақтауға, эмиссияларға және олар бойынша міндеттемелерді алатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоқ. Криптовалютаның басқа түрлеріне қолданылатын реттеу стейблкоиндерге де қатысты қолданылады.

Штаттар жеке реттеуді (*мемлекеттік деңгейде белгіленген шекте*) дербес енгізеді.

Штаттар деңгейінде реттеу

Нью-Йорк қаржылық қызметтер департаменті (NYDFS) 2015 жылы «BitLicense» енгізді, соған орай Нью-Йорк криптовалюталарға қатысты барынша қатаң реттелетін штаттардың біріне айналды. BitLicense криптовалюта компанияларынан штатта жұмыс істеу үшін лицензия алуды және AML/KYC, резервтік талаптар мен тұтынушыларды қорғауға қатысты қатаң қағидаларды сақтауды талап етеді.

Калифорния криптовалюта компанияларын ақша қызметтерін жеткізушілер ретінде қарастырып, олардан Федералдық резервтік банктегі сияқты тіркелуді және қаржылық нормативтерді сақтауды талап етеді.

Вайоминг кейбір цифрлық активтерді «меншік салығы салынбайтын» активтер ретінде танумен қатар, криптовалюта компанияларының жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайтын бірқатар заңдарды қабылдап, криптовалюталар үшін өте «ыңғайлы» штаттардың біріне айналды.

Осылайша, АҚШ-тағы криптовалюталарды реттеу дамып келеді, онда көптеген реттеушілер мен әртүрлі құқықтық аспектілер қамтылғандықтан, күрделі болып қалады. Дегенмен, бұл тәсіл реттеуді тез өзгертін цифрлық активтер нарығына бейімдеуге мүмкіндік береді.

2) Ресей Федерациясы

Ресей Федерациясында «Цифрлық қаржы активтері, цифрлық валюта туралы және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Ресей Федерациясының 2020 жылғы 31 шілдедегі № 259-ФЗ Федералдық заңы қолданысқа енгізілген.

2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген заң **цифрлық валютаның (криптовалюта) және цифрлық қаржы активтерінің (ЦҚА) құқықтық мәртебесін айқындайды. Заң Ресей аумағында криптовалютаны төлем құралы ретінде пайдалануға тыйым салады.** Тәжірибесі аз инвесторларды адастырмау және алаяқтық тәуекелдерін барынша азайту үшін криптовалютаны және оған байланысты қызметтерді жарнамалауға шектеулер енгізілді.

Алайда, криптовалюталарды пайдалануға және оларды айналысқа шығаруды ұйымдастыруға тыйым салынғанына қарамастан, жекелеген сарапшылардың бағалауы бойынша Ресей Федерациясының 20 миллионға жуық азаматы криптовалюталардың иелері болып табылады, бұл елдегі халықтың криптовалютаны айналысқа шығаруға белсене ат салысқанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта орын алған геосаяси жағдайды ескере отырып, Ресейде цифрлық валюталарды пайдалану бойынша эксперименттік құқықтық режим басталды. [6]

Цифрлық қаржы активтеріне (ЦҚА) келетін болсақ, олар талап ету құқығын қоса алғанда, міндеттемелік және өзге де құқықтарды қамти алатын цифрлық нысанда көрсетілген мүліктік құқықтар ретінде танылды.

Осылайша, **цифрлық қаржы активтері** токенделген қаржы активтерін білдіреді. 2024 жылғы наурызда Ресей Федерациясының Президенті ЦҚА-ны халықаралық есеп айырысуда пайдалануға рұқсат беретін заңға қол қойды. Құжатқа сәйкес, цифрлық қаржы активтері резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы сыртқы сауда шарттары бойынша төлем құралы ретінде қолданылуы мүмкін. [7]

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша цифрлық қаржы активтері (ЦҚА) шығарылымдарының жиынтық саны шамамен 450-ге жуық, цифрлық құқықтар эмитенттерінің саны – 130 эмитент, ал нарық көлемі ақшалай түрде 107 млрд рубльге бағаланады. РФ Орталық банкінің тізілімінде 2023 жылдың соңына қарай ЦҚА шығаратын 10 платформа тұр: бұл – үш банк («Сбербанк», «Альфа-банк», «Еурофинанс Моснарбанк»), Ұлттық есеп айырысу депозитарийі (ҰЕД), «СПБ биржа», «Атомайз», «Лайтхаус», «Таратылған тізілім жүйелері» («Мастерчейн»), «Токендер» («Токеон») және «Блокчейн хаб» (МТС экожүйесіне кіреді). Бұл ретте ЦҚА қайталама нарығын айырбастау және құру үшін бір ғана оператор – Мосбиржа жұмыс істейді. [7]

Заң цифрлық активтерді шығару, айырбастау және сақтау қызметтерін ұсынатын операторлардың арнайы тізілімде тіркелуін және тиісті лицензияларның болуын талап етеді. Токендерді шығару, цифрлық активтерді айырбастау сияқты ЦҚА-ға қатысты кейбір қызмет түрлеріне ғана рұқсат етілген, бірақ оларды пайдалану қатаң бақыланып реттеледі.

РФ Орталық Банкі цифрлық активтерді реттеуге байланысты нормативтік актілерді әзірлеу мен енгізуге белсене ат салысуда. Цифрлық қаржы активтерімен жұмыс істейтін ұйымдар (мысалы, криптовалюта айырбастау платформалары) клиенттерді сәйкестендіру талаптарын (KYC) орындауға және ақшаны жылыстатуға қарсы күрес туралы заңнамаға (AML) сәйкес күдікті операциялар туралы есеп беруге міндетті.

3) Еуропалық Одақ (ЕО)

Еуропалық Одақта криптоактивтер MiCA (Markets in Crypto-Assets Regulation) шеңберінде реттеледі. MiCA – Еуропалық комиссия 2020 жылғы қыркүйекте ұсынған, Еуропалық Одақта криптоактивтерді реттеудің бірыңғай қағидаларын құруға бағытталған заңнамалық акт. MiCA – ЕО-ның цифрлық қаржы бойынша өте кең бағдарламасының бір бөлігі, оның мақсаты – қаржы секторындағы инновацияларды ынталандыру, криптовалюталарды пайдаланушылар үшін құқықтық айқындылық пен қорғауды құру, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдерді барынша азайту. [8]

MiCA активтерге тәуелді токендерді (мысалы, стейблкоиндер), утилитарлық токендерді және электрондық валютаға қатысты токендерді қоса алғанда, криптоактивтердің әр алуан түрлерінің құқықтық анықтамасын енгізеді. Регламентте құжат қабылданған кезде ЕО-ның басқа заңнамалық актілеріне кірмеген барлық цифрлық активтер қамтылады.

Классификация цифровых активов в MiCA:

- **Активтерге тәуелді токендер (asset-referenced tokens).** Бұл тұрақты құнды сақтау мақсатында құны бірнеше фиат валюталарына, тауарларға немесе басқа криптоактивтерге тәуелді цифрлық активтер. Олар көбінесе активтер қоржынымен қамтамасыз етілген стейблкоиндер деп аталады. Бұл токендердің негізгі мақсаты – төлем құралы ретінде пайдалану немесе құнын сақтау үшін тұрақты құнды қамтамасыз ету.

Мұндай криптоактивтердің эмитенттері резервтерге, өтімділікке және тәуекелдерді басқаруға қойылатын қатаң талаптарды сақтауға міндетті. Лицензия алу қажеттілігі және ЕО реттеушілері тарапынан қатаң қадағалау және токендер құнының тұрақтылығын қолдау тетіктері туралы ақпаратты ашу талаптары бекітілген. [9]

- **Электрондық ақша токендері (e-money tokens).** Бұл бір фиат активіне, негізінен ұлттық валютаға тәуелді цифрлық активтер түрі. Олар дәстүрлі электрондық ақшаға ұқсайды, бірақ блокчейнде токендер түрінде шығарылады. Олардың негізгі мақсаты – төлем құралы ретінде пайдалану. [9]

Мұндай криптоактивтердің эмитенттері өз токендерінің тиісті валютада 100% резервтелуін қамтамасыз етуге тиіс. Электрондық ақша токендерінің эмитенттері қызметке лицензия алуға және орталық банктердің немесе басқа

қаржылық реттеушілердің бақылауында болуға міндетті. Мұндай токендер дәстүрлі электрондық ақша сияқты реттеледі.

- **Утилитарлық токендер (utility tokens).** Бұл токендер белгілі бір платформа немесе экожүйе аясында нақты өнімдерге немесе қызметтерге қол жеткізуді ұсынады. Олар төлем құралы немесе инвестициялар ретінде пайдалануға арналмаған, керісінше компанияның қызметтеріне немесе өнімдеріне қол жеткізуге арналған. Негізгі мақсаты – көп жағдайда блокчейн экожүйесі шеңберінде компанияның өнімдеріне немесе қызметтеріне қолжетімділік беру. [9]

Эмитенттер токендердің сипаты және оларды пайдалану мүмкіндіктері туралы ақпаратты жария етуге міндетті. Утилитарлық токендерді шығаратын компаниялар токендердің мәнін, олардың қолданылуын және олармен байланысты тәуекелдерді түсіндіретін «white paper» ұсынуға тиіс. Утилитарлық токендер үшін реттеу активтерге тәуелді токендер мен стейблкоиндерге қарағанда онша қатаң емес.

- **Басқа санаттарға жатпайтын токендер (other crypto-assets).** MiCA төлем қызметтері немесе қаржы құралдарының нарықтары туралы директивалар (MiFID II) сияқты ЕО-ның басқа қолданыстағы реттеу аясына кірмейтін криптоактивтерді қамтиды. Бұл қолданыстағы құқықтық шектерге нақты тәуелді болмайтын әртүрлі инновациялық активтер болуы мүмкін. [9]

Мұндай активтердің эмитенттері токендерді шығару және айналысқа жіберу тәуекелдері, тетіктері туралы ақпаратты ашатын «white paper» жариялау арқылы айқындылық жөніндегі ең төменгі талаптарды сақтауға тиіс. Токендердің сипатына қарай тәуекелдерді басқару және пайдаланушыларды қорғау бойынша қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

MiCA криптоактивтің санатына қарай сараланған реттеу тәсілін көздейді. Утилитарлық токендерге қарағанда активтерге тәуелді токендер мен электрондық ақшаға қойылатын талаптар қатаң, себебі оларды пайдаланудағы тәуекел қаржылық тұрақтылық пен тұтынушылардың құқықтары үшін жоғары болып келеді. Стейблкоиннің, әсіресе ірі жобалардың эмитенттеріне ықтимал жүйелік тәуекелдерді азайту үшін резервтеу, есеп беру және тәуекелдерді басқару бойынша қосымша талаптар қойылады.

MiCA криптовалюта сервистерінен (биржалар, әмияндар, брокерлер) ЕО-да жұмыс істеу үшін лицензия алуды талап етеді. Бұл сервистер мынадай бірқатар талаптарды орындауға міндетті:

- операциялардың айқындылығы және ақшаны жылыстатуға (AML) және терроризмді қаржыландыруға (CFT) қарсы күрес жөніндегі қағидалардың сақталуы;

- пайдаланушыларды алаяқтық пен қаражат ұрлаудан қорғауды қамтамасыз ету;

- дауларды шешу және қаражатты қайтару тетіктерін құру. [9]

MiCA цифрлық активтерге байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты міндетті түрде жария етуді және кибершабуылдан немесе қаражатты жоғалтудан қорғау тетіктерін қоса алғанда, криптоактивтерді пайдаланушылардың

Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясы реттеуші мемлекеттік органдар ретінде жұмыс істейді.

Аргентина: Аргентина да криптовалюталарды пайдалану жағынан әлемдегі жетекші елдердің біріне жатады, ол 2024 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Chainalysis криптовалютасының жаһандық ену индексі бойынша 15-ші орында тұр. Зерттеу деректеріне сәйкес 2022 жылы Аргентина халқының шамамен 21%-ы өз жинақтарын жоғары инфляциядан және ұлттық валютаның құнсыздануынан қорғау үшін криптовалюталарды пайдаланған. Бұл сол уақыттағы әлемдегі криптовалюталарды пайдалану бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. [10]

Алайда, цифрлық активтердің кең таралуына қарамастан, елдегі реттеу фрагментті. Қазіргі уақытта Үкімет криптовалюта операцияларына және оны айырбастауға салық салу мәселелерін қарастыруда.

Мексика: Мексика Латын Америкасының үшінші ірі экономикасы бола отырып, криптовалюталарға айтарлықтай қызығушылық танытқан. 2022 жылы елдегі криптовалюта транзакцияларының көлемі 30 миллиард АҚШ долларынан асты, ал Chainalysis деректері бойынша Мексика криптовалютаның ену индексі бойынша әлемде 14-ші орында тұр. Елдегі ересек тұрғындардың 12%-ға жуығы қаржы операцияларын жүргізу үшін криптовалюталарды кемінде бір рет қолданған. [10]

Мексикада криптовалютаны реттеу 2018 жылы криптовалюта алмасу қызметтерін ұсынатын платформаларды реттейтін Қаржылық технологиялар туралы заңның (Fintech Law) қабылдануынан басталды. Алайда, бұл заң тек цифрлық активтерді фиаттық валютаға айырбастауды қамтиды және криптовалютаны төлем құралы немесе инвестициялық актив ретінде пайдалануды реттемейді. Үкімет барынша толық реттеу бойынша мынадай қадамдарды талқылайды, бірақ нақты өзгерістер әлі болған жоқ.

Венесуэла: ұлттық криптовалютаның ерекше жағдайы. Венесуэла экономикалық жағдайы ең тұрақсыз елдердің бірі болғанымен, гиперинфляциядан қорғау құралы ретінде криптовалютаны белсенді қолданады. Венесуэла халқының шамамен 17%-ы жинақ және халықаралық аударымдар үшін криптовалютаны пайдаланады. Криптовалютаның ену индексі бойынша әлемде 13-орынды алады. [10]

Сонымен қатар Венесуэла мұнай активтерімен қамтамасыз етілген El Petro мемлекеттік криптовалютасының іске қосылуының арқасында басқа елдерден ерекшеленеді. Алайда, El Petro ел ішінде де, одан тыс жерлерде де кеңінен қолданылмады. Оның орнына, Венесуэла пайдаланушыларының негізгі қызметі биткоин және эфириум сияқты халықаралық криптовалютаға бағытталған. Венесуэладағы криптовалютаны реттеу толық емес болып қалады және операциялардың басым бөлігі бейресми нарықтарда жүреді.

Криптовалютаны белсенді қолданудың осыған ұқсас көрінісі Латын Америкасының Перу және Колумбия сияқты басқа елдерінде де байқалады. Аргентина мен Венесуэла сияқты инфляциясы жоғары және экономикасы тұрақсыз Латын Америкасы елдері криптовалютаны азаматтар үшін маңызды

балама ретінде қарастырады, бірақ оларды пайдаланудың нақты құқықтық негізі жоқ.

Жалпы алғанда бұл өңір әлем бойынша криптовалютаны пайдаланудың жоғары деңгейін көрсетеді. Халық арасында цифрлық активтердің енуі бойынша көшбасшы орынды иеленеді. Сонымен қатар, бұл өңірде нарықты толыққанды реттеудің болмауымен сипатталады, бұл халықтың ұлттық валютаға деген сенімінің болмауы салдарынан өтімділіктің үлкен көлемінің крипто-экожүйеге ағуына әкеледі. Крипто нарығының жаһандық өсуі және инвесторлардың белсенділігінің артуы жағдайында Латын Америкасы елдерінде теңдестірілген және тиімді реттеуді құру қажеттілігі өзекті бола түсуде.

5) Жапония

Жапонияда криптовалюта 2017 жылғы сәуірде қабылданған Төлем қызметтері туралы заңмен реттеледі. Осы Заңға сәйкес, криптовалюта биржаларының операторлары Жапония қаржы қызметінде тіркеліп, КЖ/ТҚҚ талаптарын сақтауы керек. Жапония криптовалютаны «виртуалдық активтер» санатына жатқызады және оларды айырбастау мен төлеудің заңды құралы ретінде таниды, бірақ олар ресми валюта емес. [11]

Токиода орналасқан Mt. Gox (2014) және Coincheck (2018) ірі биржалар құлағаннан кейін Жапония билігі осы нарықты реттеу қажеттілігін жариялады. Криптовалютаға және онымен операцияларға салық салу енгізілді. Криптовалюта операциялары «әр түрлі кіріс» санатына жатады және олар бойынша салықтық мөлшерлемелер кіріс мөлшеріне байланысты 55%-ға дейін жетуі мүмкін. Криптовалюта саудасына, майнингке, сондай-ақ ICO-дан кіріс алуға салық салынады. Криптовалютаға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер криптовалютаның құны оны сатып алғаннан бері өзгерген болса, капитал өсіміне салық салынуы мүмкін. [11]

Криптовалюта бизнесі өкілдерінің мүдделерін қорғау мақсатында Цифрлық активтер жөніндегі комиссия құрылды. 2016 жылдан бастап криптовалюта биржалары Қаржылық қызметтер агенттігінде (JFSA) тіркелуі тиіс, ол сайттарға аудит жүргізе алады және әкімшілік шараларды қолдана алады. 2017 жылғы қазаннан бастап барлық криптовалюта операцияларын клиенттердің құқықтарын қорғау мақсатында Агенттік бақылайды. Активтерді міндетті сақтандыру бойынша талаптар енгізілді, яғни биржалар бұзып кірген немесе басқа да шығындар болған жағдайда клиенттердің қаражатын сақтандыруға және клиенттердің қаражатын биржалардың операциялық қызметінде пайдалануды болдырмау үшін компания активтерінен бөлуге мәжбүр болған кезде активтерді бөлуге міндетті. [11]

Сонымен қатар, 2018 жылы Жапонияда виртуалды валюталардың анықтамасын кеңейтетін және криптовалюта саудасының қағидаларына өзгерістер енгізетін қаржы құралдары мен биржалар туралы заңға түзету қабылданды. [11]

Сондай-ақ Жапонияда қауіпсіздік стандарттарын әзірлеумен айналысатын және Үкіметпен криптовалюта нарығын реттеу саласында ынтымақтасатын криптовалюта биржалары қауымдастығы жұмыс істейді.

Жапонияда криптовалюта олардың қауіпсіздігіне қарай реттеу үшін **сараланған тәсіл** қолданылады. Мәселен, криптовалюта және BTC, ETH сияқты «utility» токендер криптоактивтерге жатады және төлем қызметтері туралы және қылмыстық кірістерді аударудың алдын алу туралы заңдарға сәйкес реттеледі. Криптоактивтерді сатып алуға, сатуға, айырбастауға, үшінші тұлғалардың пайдасына криптоактивтерді басқаруға тікелей немесе делдал ретінде қатысатын бизнес операторлары криптоактивтерді айырбастау қызметтерін жеткізушілер ретінде тіркелуге міндетті.

Токенделген акциялар болып табылатын «Қор токендері» («*Security tokens*»), облигациялар (цифрлық қаржы активтері) Қаржы құралдары және биржалар туралы заңға (*Instruments and Exchange Act*) сәйкес реттеледі және электрондық тіркеумен берілетін құқықтар ретінде сныпталады. Тиісті қатысушылар I типті (*Type I Financial Instruments Business Operators*) қаржы құралдарының Бизнес операторлары ретінде тіркеледі.

2022 жылы *стейблкоин* шығаруды реттейтін заң қабылданды. Осы Заңға сәйкес Жапониядағы тұрақты стейблкоиндар фиаттық валюталарға байланысты болуы керек және оларды банк мекемелері немесе сенімгерлік берілген компаниялар шығаруы керек. Бұл заңнаманың мақсаты – қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және стейблкоиндарды нарықта теріс пайдаланудың алдын алу. [11]

Жапонияда *монеталардың бастапқы орналасуы (ICO)* токендердің сипатына байланысты реттеледі. Егер токендерде бағалы қағаздардың белгілері болса (мәселен, компаниядағы үлесті білдіреді немесе табыс алу құқығын береді), олар «Қаржы құралдары және биржалар туралы заңға» (*Financial Instruments and Exchange Act, FIEA*) бағынады. ICO жүргізетін компаниялар лицензия алуды және ақшаны жылыстатуға қарсы шараларды (AML) орындаумен қатар, қатаң талаптарды орындауға міндетті. Жапонияда басқа токендер мен өзара алмастырылмайтын (бірегей) токендер (NFT) қолданыстағы нормативтік база шеңберінде реттелмейді.

6) Оңтүстік Корея

Оңтүстік Кореяда криптовалюта заңды төлем құралы ретінде танылмайды, бірақ олар виртуалды активтер мен қаржы құралдары ретінде қарастырылады. 2020 жылы Оңтүстік Корея үкіметі криптовалюта қысқарту саласына енгізген Арнайы қаржылық ақпарат туралы заңға түзетулер қабылдады.

Оңтүстік Корея криптовалюта нарығын реттеу және инвесторларды қорғау үшін бірқатар заңнамалық шараларды енгізді. Олардың кейбіреулері мыналарды қамтиды:

1. Қаржылық қызметтер туралы заң (*FSS*) – бұл көрсетілетін төлем қызметін берушілерден және криптовалюта биржаларынан белгілі бір қағидаларды, оның ішінде жылыстатуға қарсы нормаларды (*AML*) сақтауын және клиенттерге қамқорлық жасауды (*KYC*) тіркеуді және сақтауды талап етеді.

2. Электрондық қаржылық операциялар туралы заң (*EFT*) криптовалюта биржаларынан криптовалюта ұлттық валютаға айырбастау қызметін көрсету кезінде тіркелуді талап етеді.

3. Ұлттық пайдаға салық салу туралы заң (*NCIT*) – бұл криптовалютамен жұмыс жасайтын компаниялардан салық төлеуді талап етеді.

Оңтүстік Корея криптовалюта операцияларынан түскен пайдаға салық салды. 2023 жылдың басында криптовалюта сатудан түскен пайдаға бір жыл ішінде 2,5 миллион Корея вонынан (шамамен 2000\$) асатын кірістерге 20% мөлшерінде салық салуды көздейтін жаңа салық режимі күшіне енуі керек еді. Алайда, саяси пікірталастарға байланысты бұл салықты енгізу 2025 жылға дейін кейінге қалдырылды.

4. Тұтынушыларды қорғау туралы заң – бұл криптовалюта инвесторларының құқықтарын қорғайды, криптовалюта биржаларынан ашықтықты, ақпаратты ашуды және қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтауды талап етеді.

5. Ақпараттық қауіпсіздік туралы заң – бұл криптовалютамен және криптовалюта биржаларымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын жақсартуды және пайдаланушылардың жеке деректерін қорғауды талап етеді.

8. Электрондық коммерция туралы заң – криптовалютаны сатып алу – сатуды қамтитын электрондық коммерцияны анықтайды.

9. ***Криптовалюта және блокчейн туралы заң*** – 2021 жылдың басында қабылданды және криптовалюта нарығын реттеу және блокчейн технологияларын дамыту үшін құқықтық базаны белгілейді.

Заңнамалық базадан басқа, Кореядағы криптовалюта нарығын реттеу Қаржылық қадағалау комиссиясының (FSC) және биржаларға шектеулер енгізетін және елдегі криптовалюта операцияларын бақылайтын Бағалы қағаздармен және фьючерстермен алмасу жөніндегі комиссияның (FSS) қызметі арқылы жүзеге асырылады.

FSC 2017 жылғы қыркүйекте елде монеталардың алғашқы ұсыныстарының кез-келген түрін (ICO) өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылдады және биткоин фьючерстерінің саудасына, сондай-ақ цифрлық валютадағы кредиттеудің барлық түрлеріне, оның ішінде криптовалютаның маржалық саудасына тыйым салды.

Оңтүстік Корея пайдаланушылардың ашықтығын және оларды қорғауды қамтамасыз ету үшін криптовалюта мен цифрлық активтерді реттеуді белсенді дамыта отырып, цифрлық активтер мен блокчейн технологиялары саласындағы жетекші елдердің бірі болып табылады. Ел заңсыз әрекеттермен байланысты тәуекелдерді азайту және блокчейн технологиясын дамыту арқылы криптовалюта нарығын бақылауға тырысады.

7) Сингапур

Сингапур цифрлық активтер мен криптовалютаны реттеу мәселесінде әлемдегі ең прогрессивті юрисдикциялардың бірі болып табылады. Мемлекет тұтынушыларды қорғау және заңсыз әрекеттердің алдын алу бойынша қатаң шараларды қамтамасыз ете отырып, қаржы саласында блокчейн-технологиялар мен инновацияларды пайдалануды белсенді түрде ілгерілетуде. Сингапурдың тәсілі қолайлылық пен қауіпсіздікті біріктіреді, бұл елді криптовалюта саласындағы компаниялар үшін тартымды етеді.

1. Заңнама.

2019 жылы Сингапурда 2019 жылы қабылданған PSA (Payment Services Act) Төлем қызметтері туралы заңға елде криптовалюта айырбастау мен сауданы міндетті реттеуді енгізуді көздейтін түзетулер қабылданды (2020 жылғы қаңтарда күшіне енді). Ол «цифрлық валюталардың» арнайы санатын жасайды және компаниялардан криптовалютанан айырбастау және сату үшін Сингапурдың ақша-кредит басқармасынан (MAS, Monetary Authority of Singapore) лицензия алуы талап етеді. Криптовалюта айырбастау қызметтерін ұсынатын жергілікті биржалардан да MAS-ке тіркелуді талап етеді.

PSA Заңының ережелеріне сәйкес:

- криптоактивтер (виртуалдық активтер) «цифрлық төлем токени» (Digital Payment Tokens) ретінде белгіленеді;
- криптоактивтер құнының цифрлық көрінісі бірліктермен көрсетілуі мүмкін, қандай да бір валютада эмитентке байланбаған және айырбастау құралы болып табылады;
- виртуалдық активтерді электронды түрде сақтауға немесе сатуға болады;
- «цифрлық төлем токенине» қызмет көрсететін тұлға төлем мекемесінің лицензиясын алуға тиіс;
- DPT көрсетілетін қызметті берушілерге арналған AML/CTF жетекші қағидаттары ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруды анықтау және алдын алау үшін сенімді бақылау орнатуды көздейді.

2. Бақылау және қадағалау.

MAS Сингапурдағы барлық бағалы қағаздар, инвестициялар және қаржылық қызмет көрсететін компанияларды қадағалауға жауапты орталық банк болып табылады. Сонымен қатар заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін криптовалюта айырбастау қызметтерін ұсынатын компаниялардың қызметін бақылайды.

Лицензияның үш түрі бар:

- Standard Payment Institution License – транзакциялардың аз көлемін өңдейтін ұйымдар үшін.
- Major Payment Institution License – операция көлемі жоғары ірі компаниялар үшін.
- Money-Changing License – валюта мен цифрлық активтерді айырбастаумен айналысатын компаниялар үшін.

Компаниялар KYC (өз клиентіңізді біліңіз) және AML (ақшаны жылыстатуға қарсы күрес) талаптарын орындауға міндетті.

2020 жылғы қаңтарға дейін Сингапурдағы криптовалютаға тауарлар мен қызметтерге (GST) салық салынды. Алайда үкімет бұл талапты алып тастады және қазір криптовалюта операциялары GST-тен босатылды. Дегенмен, инвестициялық активтер ретінде пайдаланылатын криптовалютаға, егер компания немесе жеке тұлға олармен операциялардан кіріс алса, капитал өсіміне салық салынуы мүмкін.

Сингапурдағы монеталарды бастапқы орналастыру (ICO) және токен шығару Бағалы қағаздар және фьючерстер туралы заңға (Securities and Futures

Act, SFA) сәйкес токендердің бағалы қағаздар болып табылатындығына байланысты реттеледі. Егер токендерде бағалы қағаздардың белгілері болса (мәселен, кіріске немесе жобадағы үлеске құқық беру), олардың эмитенттері дәстүрлі бағалы қағаздарға қолданылатын қағидаларды сақтауға міндетті.

MAS ICO жобаларынан олардың токендері бағалы қағаздар санатына жататын болса, тиісті рұқсат алуды талап етеді.

3. Тұтынушыларды қорғау жүйелері.

MAS-те криптовалюта алмасумен байланысты тұтынушыларды қорғау бағдарламалары бар. Ол криптовалюта айырбастау қызметтерін ұсынатын компанияларды жан-жақты ашу және клиенттердің қаражатын жеке шоттарда сақтау сияқты тұтынушыларды қорғау талаптарын орындауға шақырады.

8) Қытай

Қытайда цифрлық активтер мен криптовалютаны реттеу қатаң және өте шектеулі тәсілмен ерекшеленеді. Қытай үкіметі криптовалюта нарығына қатаң бақылау орнатты және 2017 жылдан бастап криптовалютамен жұмыс істеудің көптеген аспектілеріне айтарлықтай тыйым салды. Мұндай шаралардың негізгі себебі қаржылық тұрақтылық, ақшаны жылыстату және ақша ағындарын бақылау мәселелерімен байланысты.

Қытай ірі мемлекеттердің бірі ретінде криптовалюта операцияларына алғашқы болып толығымен тыйым салды. Төменде Қытай реттеушілерінің криптовалютаны реттеудің негізгі тәсілдері келтірілген:

1. *ICO-ға тыйым салу (initial coin offering)– 2017 жылғы қыркүйекте* Қытай реттеушілері инвесторлар үшін тәуекелге сілтеме жасай отырып, ICO-ға тыйым салу туралы жариялады.

2. *Қытайдағы биржаларда криптовалюта саудасына тыйым салу – 2017 жылдың соңында реттеушілер* Қытайдағы биржаларда криптовалюта саудасына тыйым салу туралы директива шығарды. 2021 жылғы қыркүйекте Қытай Халық банкі криптовалютаға қатысты барлық транзакциялардың заңсыз екенін ресми түрде жариялады. Бұған сауда, айырбастау, токендерді шығару және криптовалютаға қатысты кез келген басқа қызмет кіреді.

Осы тыйым салудың салдарынан криптовалюта биржалары және олармен байланысты сервистер Қытай аумағында операцияларын тоқтатты.

3. Криптовалюта майнингіне тыйым салу – 2018 жылдың басында Қытай реттеушілері кейбір провинцияларда криптовалюта майнингіне тыйым салу шараларын қабылдады. [12]

Қытай бұрын арзан электр қуаты мен ауқымды инфрақұрылымының арқасында әлемдегі ең ірі криптовалюта майнингі орталығы болған. Алайда, 2021 жылғы мамырда үкімет криптовалюта майнингімен белсенді түрде күресе бастады, бұл энергияны шамадан тыс тұтынуға және қоршаған ортаға әсер етуге түрткі болды. Майнинг заңсыз қызмет деп танылды және майнинг ұйымдарының көпшілігі жабылды немесе Қазақстан мен АҚШ сияқты басқа елдерге көшті.

Шетелдік тәжірибені талдау нәтижелерін қорытындылай келе, әлемде бірыңғай стандарттар мен реттеу практикасы жоқ деген қорытынды жасауға болады. Жалпы әлемде криптовалюта нарығын жүйелі тәуекелге

бағдарланған реттеуді бір мезгілде енгізе отырып, криптовалюта айналымын жоспарлы заңдастыру үрдісі байқалады.

Бұл ретте көптеген шетелдік реттеушілердің криптовалюта саласына **тыйым салу практикасынан** (жалпы тыйым салудан) **кетуінің** жалпы тенденциясы *(осы саланың жоғары технологиялығына байланысты жалпы тыйым салу тиімсіз, өйткені барлық айналымдар «көлеңкелі» және бақыланбайтын болады) және айналымды заңдастыруға көшу және кейбір шектеулермен барабарлық әрі тәуекелге бағдарлану қағидаттарында жүйелі (толыққанды) реттеу мен қадағалауды енгізу байқалады.*

Өзбекстан мен Қырғызстан сияқты көрші елдерде криптовалюта айырбастау қызметін заңдастырды. Олар цифрлық активтермен жұмыс істеудің сәтті модельдерін көрсетеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2024 жылғы алғашқы жеті айда Қырғызстандағы виртуалды активтермен қызмет көрсетушілер жүргізген операциялар көлемі **375,9 млрд сомды (4,46 млрд АҚШ долларын)** құрады. Бұл ретте криптовалюта айырбастаушылар мен биржалардан түсетін салық түсімдері 92,2 млн сомды (1 млн АҚШ долларын) құрады, ал майнинг компаниялары бюджетке 30,7 млн сом (0,36 млн АҚШ долларын) әкелді. [25]

2024 жылғы шілдеде виртуалды активтермен мәмілелер көлемі сатып алу-сату мен айырбастауды қоса алғанда, 26,1 млрд сомға (шамамен 310 млн АҚШ доллары) жетті, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі айналымы 9,8 млрд сомды (116,4 млн АҚШ доллары) құраған көрсеткіштен 166%-ға жоғары. [24]

Бұл криптоны айырбастайтындардың клиенттері Қазақстан Республикасының азаматтары.

Анықтама үшін: 2023 жылғы қарашадан бастап Telegram мессенджеріне крипто-амияндарды қолдау интеграцияланған, одан биткойн, стейблкойн USDT, Toncoin, Notcoin сияқты құралдарды сатып алу, сату, аудару операцияларын жүзеге асыруға болады. Бұл криптонарыққа қол жеткізуді едәуір жеңілдетеді және әлемнің көптеген елдерінде олардың енуінің бірнеше есе өсуіне алғышарттар жасайды, әсіресе 2024 жылы әлемдегі белсенді Telegram қолданушыларының орташа айлық саны 1 миллиард адамға жақындағанын ескерсек (Қазақстанда бұл көрсеткіш 12,5 млн)⁵. Реттеушілер қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдерді мониторингтеу және криптоактивтер нарығын реттеу тәсілін қалыптастыру кезінде осы сын-қатерді ескеруі қажет, ал құқық қорғау органдары (Франция тәжірибесін ескере отырып) КЖ/ТҚ / ЖҚҚТҚҚ қатерлеріне және КЖ/ТҚ / ЖҚҚТҚҚ тәуекелдеріне қарсы күресті күшейту үшін осы сын-қатерді ескеруі қажет.

Бірқатар елдерде цифрлық активтерге тыйым салу жиі қиындықтарға тап болды, бұл олардың ішінара немесе толық сәтсіздігіне әкелді деген қорытынды жасауға болады. Мұндай тыйым салулардың сәтсіз болуының негізгі себептері криптовалюталардың жаһандық сипатына, орталықтандырылмаған технологияларға және оларды бақылаудағы қиындықтарға байланысты. Төменде цифрлық активтерге тыйым салу тиімсіз болып шыққан немесе іске асыруда қиындықтарға тап болған елдердің мысалдары келтірілген:

1) **Үндістан** бірнеше рет криптовалюталарға тыйым салу бойынша қатаң шараларды енгізуге тырысты, бірақ олар тиімсіз болып шықты.

⁵ Бұл туралы Telegram негізін қалаушы Павел Дуров хабарлады. «Ай сайын Telegram-ды 20 млн қазақстандықтың 12,5 млн пайдаланады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға артық», - деп жазды Дуров Telegram-арнасында.

2018 жылы Үндістанның Резервтік банкі (RBI) банктер мен қаржы мекемелерінің криптовалюта операцияларына қызмет көрсетуіне тыйым салды. Бұл криптобизнеске үлкен кедергілер туғызды, бірақ азаматтардың P2P платформасы арқылы криптовалютаны сатуын тоқтата алмады. [13]

2020 жылы Үндістанның Жоғарғы Соты RBI-ге тыйым салуды Конституцияға қайшы деп танып, оны жойды. Бұл крипто қауымдастығы үшін маңызды жеңіс болды, және криптовалюта нарығы тез қалпына келе бастады. [13]

Үндістандағы криптовалюта нарығы жаңа тыйымдар немесе шектеулер енгізу туралы пікірталастардың жалғасуына қарамастан, белсенді болып қала берді және оған толық тыйым салу әрекеттері қатты қарсылыққа тап болды. Қазіргі уақытта Үндістан 2024 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Chainalysis криптовалюталарының жаһандық ену индексі бойынша криптоактивтер айналымы бойынша бірінші орында тұр. [10]

2) **Нигерия** - үкіметтің оларға тыйым салуға тырысқанына қарамастан, Африкадағы криптовалюта операцияларының ең көп көлемі бар елдердің бірі.

2021 жылы ақпанда Нигерияның Орталық банкі банктер мен қаржы мекемелеріне ақшаны жылыстату және алаяқтық тәуекелдеріне сілтеме жасай отырып, криптовалюта шоттарына қызмет көрсетуге тыйым салды. Алайда, бұл нигериялықтардың криптовалюталарды пайдалануын тоқтатқан жоқ. [14]

Нигериядағы криптовалюта саудасы P2P (тікелей сауда) секторына көшті, мұны реттеу мүмкін болмады. Криптовалюталар трансшекаралық аударымдар үшін және инфляциядан қорғау құралы ретінде қолданылып жатыр. Үкіметтің тыйым салуына қарамастан, нарықтағы белсенділік жоғары деңгейде қалып отыр және бұл криптовалюталарға тыйым салу әрекеттерінің тиімсіз болғанын көрсетті.

Кейінірек бұл тыйым алып тасталды, реттеуші әлемдік тенденциялар мұндай операцияларды реттеу қажеттілігін көрсетті деп мәлімдеді. Нигерия қазіргі уақытта Chainalysis криптовалюталарының жаһандық ену индексі бойынша әлемде 2-ші орында тұр. [10]

3) **Пәкістан** криптовалюталарға қатаң шектеулер енгізуге тырысты, бірақ тыйым салу тиімсіз болды.

2018 жылы Пәкістан Мемлекеттік банкі (SBP) банктер мен қаржы мекемелеріне цифрлық активтерді сатып алуға және сатуға тыйым салу арқылы криптовалюта операцияларына қатысуға тыйым салды. Алайда, Үндістан мен Нигерия сияқты, криптовалюта транзакциялары P2P платформалары арқылы жүзеге асырыла берді. [15]

Пәкістанның көптеген азаматтары халықаралық аударымдар мен жинақтарды жүргізу үшін криптовалюталарды пайдалануды жалғастырды, бұл реттеуді қиындатады. Пәкістан қазіргі уақытта Chainalysis криптовалюталарының жаһандық ену индексі бойынша әлемде 9-шы орында тұр. [10]

4) **Түркия** криптовалюталарға шектеулер енгізді, бірақ олар қажетті нәтижеге қол жеткізе алмады.

2021 жылы сәуірде Түркияның Орталық банкі криптовалюталарды төлем құралы ретінде пайдалануға тыйым салды. Үкімет криптовалюталарды заңсыз қызмет үшін пайдалану мүмкіндігіне және олардың құбылмалылығына байланысты тәуекелдерге алаңдаушылық білдірді. [16]

Алайда, криптовалюталар инвестициялар мен жинақтар үшін, әсіресе жоғары инфляция мен түрік лирасының құнсыздануы аясында қолданылып жатыр. Криптовалюталардың танымалдығы жоғары болып қала берді және шектеулер құнды сақтау үшін цифрлық активтерді пайдалануды тоқтатқан жоқ. Қазіргі уақытта Түркия Chainalysis жаһандық криптовалютаның ену индексі бойынша әлемде 11-ші орында тұр. [10]

5) **Бангладеш** криптовалюталарға қатаң тыйым салулардың бірін енгізді, бірақ соған қарамастан криптовалюталарды пайдалану өсуде.

2014 жылы Бангладештің Орталық банкі биткоинді және басқа криптовалюталарды пайдалануға тыйым салып, оларды пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартты. [17]

Алайда, криптовалюталарға деген қызығушылықтың артуы және криптовалюта биржалары мен майнинг арқылы табыс табу мүмкіндігі аясында көптеген азаматтар P2P платформаларын қолдана отырып және заңнамалық шектеулерді айналып өтіп, криптовалюта операцияларына қатысуды жалғастырды.

Тыйым салулардың тиімсіз болуының негізгі себептері:

- криптовалюталардың жаһандық сипаты: криптовалюталар орталықтандырылмағандықтан және олардың операциялары жаһандық желіде жүзеге асырылуы мүмкін болғандықтан, көптеген үкіметтер қатаң бақылауды жүзеге асыруда қиындықтарға тап болды;

- P2P транзакциялары пайдаланушыларға ресми арналарды айналып өтіп, криптовалюталарды тікелей айырбастауға мүмкіндік береді, бұл тыйым салуларды тиімсіз етеді;

- жоғары сұраныс пен инфляция: инфляциясы жоғары немесе халықаралық қаржы жүйелеріне қол жетімділігі шектеулі елдерде криптовалюталар балама болды, бұл тыйым салу жағдайында да оларға деген қызығушылықты арттырды (мысалы, Латын Америкасы мен Африка елдерінде).

Нәтижесінде, көптеген елдердің криптовалюталарға тыйым салуға тырысқанына қарамастан, цифрлық активтердің жаһандық сипаты және оларға деген жоғары сұраныс **тыйым салудың жиі тиімсіз немесе уақытша болып шығуына** әкелді.

6.2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ

Халықаралық Валюта Қоры криптоактивтермен байланысты тәуекелдерді жою үшін мына тәсілдерді ұсынады:

1. Ақша-кредит саясатының негіздерін нығайту арқылы ақшаның тәуелсіз болуы мен тұрақтылығын қорғау және *криптоактивтерге ресми валюта* немесе

заңды төлем құралы мәртебесін бермеу, сондай-ақ криптоактивтердің құқықтық айқындығын белгілеу және құқықтық тәуекелдерді жою.

2. Капитал ағындарының шамадан тыс құбылмалылығынан қорғау және капитал қозғалысының көрсеткіштерін тиімді ұстау.

3. Фискалдық тәуекелдерді ашу және криптоактивтерге қатысты салық режимін белгілеу. Салық саясаты криптоактивтердің бір мәнді салық режимін қамтамасыз етуі керек, ал салық органдары салық заңнамасының сақталуын күшейтуі керек.

4. Криптовалюта нарығының барлық қатысушыларына пруденциялық, әрекет ету және қадағалау талаптарын әзірлеу және қолданысқа енгізу.

5. Әртүрлі ұлттық агенттіктер мен билік органдарын қамтитын бірлескен мониторинг жүйесін құру.

6. Криптоактивтердің халықаралық валюта жүйесінің тұрақтылығына әсерін бақылау.

7. Цифрлық инфрақұрылымды және трансшекаралық төлемдер мен қаржыландырудың балама шешімдерін дамыту үшін жаһандық ынтымақтастықты нығайту. [18]

Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі халықаралық ұйым (IOSCO, International Organization of Securities Commissions) 2019 жылы IOSCO мемлекеттік реттеу органдары үшін криптовалюта саудасын жүзеге асыру, цифрлық активтерді сақтау және беру сияқты мәселелерді қарастыратын «Әдіснамалық қағидаттарды» жариялайды. Ұйым мемлекеттерге криптовалюталарды пайдаланушыларға қауіп төндірмей реттеуге мүмкіндік беретін бірқатар ұсыныстар жасады. IOSCO-ның негізгі ұсыныстарының бірі - *криптовалюта платформаларын тіркеуді талап ету* және ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы стандарттарды міндетті түрде сақтау. IOSCO сонымен қатар мемлекеттерге криптовалюта және онымен байланысты тәуекелдер, салықты реттеу және пайдаланушылардың қауіпсіздік кепілдіктері туралы ақпарат беруді ұсынады. IOSCO мемлекеттерге инвесторларды қорғау және ашықтық принциптерін ұстануға кеңес бере отырып, цифрлық активтерді (ICO) шығару мәселесін қозғады. IOSCO мемлекеттерді әртүрлі юрисдикциялардағы криптовалюталарды реттеу бойынша ынтымақтастық пен үйлестіруге шақырады. IOSCO нұсқаулары қолданыстағы криптовалюта нарығының заңдары мен реттеулерін кеңейтеді және пайдаланушылар үшін қауіпсіздік пен реттеуші жайлылықты жақсартуға көмектеседі. [19]

2020 жылы IOSCO бүкіл әлем бойынша реттеушілерді криптовалюта биржаларының қағидаларын және олардың пайдаланушыларды тексеру әдістерін қатаңдатуға шақырады. IOSCO реттеушілерді криптовалюта биржаларын реттеуге және олардың клиенттерді қалай тексеретінін мұқият қарауға шақырды. Ұйым бұл ақшаны жылыстату тәуекелін азайтады деп мәлімдеді.

2023 жылғы 16 қарашада ол криптоактивтерді реттеу саясаты бойынша ұсынымдардың соңғы нұсқасын **жариялады**. IOSCO сарапшылары әзірлеген

құжат 18 ұсыным бойынша алты негізгі бағытты қамтиды: (1) қызмет пен функциялардың тік интеграциясына байланысты мүдделер қақтығысы; (2) нарықты манипуляциялау, инсайдерлік сауда және алаяқтық; (3) трансшекаралық тәуекелдер және реттеудегі ынтымақтастық; (4) клиенттік активтерді сақтау және қорғау; (5) операциялық және технологиялық тәуекелдер; (6) активтердің бөлшек сауда нарықтарындағы ұсынысқа сәйкестігі және жарамдылығы. *Қазіргі уақытта IOSCO күшін IOSCO-ға мүше юрисдикцияларда криптоактивтерді реттеудің тиімді режимдерін қабылдау мен енгізуді ілгерілетуге, қолдауға, бақылауға және бағалауға, сондай-ақ өз ұсынымдарын жүзеге асыруға техникалық көмек көрсетуге бағыттады.* [20]

Халықаралық есеп айырысу банкінің Төлемдер және қаржы инфрақұрылымы жөніндегі комитеті (CPMI, Committee on Payments and Market Infrastructures) IOSCO-мен бірлесіп, 2022 жылғы шілдеде Қаржы нарығының инфрақұрылым қағидаттарын стейблкоиндардың жүйелік маңызы бар экожүйелеріне қолдану жөніндегі нұсқаулық (Application of the Principles for Financial Market Infrastructures to stablecoin arrangements) жарияланды. Нұсқаулықта стейблкоиндардың берілу функциясы Қаржы нарығы инфрақұрылымының (ҚНИ) басқа түрлері орындайтын берілу функциясымен салыстырылатындығы атап көрсетілген. Нәтижесінде, осы беру функциясын орындайтын стейблкоин ҚНИ қағидаттарын қолдану мақсатында ҚНИ болып саналады және егер тиісті органдар оны жүйелік маңызы бар деп санаса, ҚНИ-дің тиісті қағидаттары (ҚНИҚ) сақталады деп күтілуде. [21]

Стейблкоиндардың айналым тетіктері қолданыстағы ҚНИ-мен салыстырғанда кейбір елеулі және жаңа ерекшеліктері болуы мүмкін. Бұл назар аударарлық ерекшеліктер мыналарға қатысты: (i) орталық банктің ақшасы да, коммерциялық банктердің ақшасы да болып табылмайтын және қосымша қаржылық тәуекелге әкелетін есеп айырысу активтерін әлеуетті пайдалану; (ii) стейблкоиндарды ұйымдастырудың бірнеше функциялары арасындағы өзара тәуелділік; (iii) операцияларды орталықсыздандыру және/немесе басқару дәрежесі; және (iv) таратылған тізілім технологиясы сияқты жаңа технологияларды ықтимал кең ауқымды орналастыру. [21]

Нұсқаулықта стейблкоин тетіктерінің осы ерекшеліктерін ескере отырып, мыналарға байланысты аспектілер егжей-тегжейлі қарастырылады: (i) басқару; (ii) тәуекелдерді кешенді басқару негізі; (iii) есеп айырысудың аяқталуы; және (iv) ақшалай есеп айырысу. Нұсқаулық сонымен қатар билікке стейблкоин келісімінің жүйелі түрде маңызды екенін анықтауға көмектесетін ойларды қамтиды. Бұл нұсқаулық төлемдер үшін пайдаланылатын жүйелі маңызды стейблкоиндар туралы келісімдерге «қандай тәуекел, сондай реттеу» қағидатын қолданудың маңызды қадамы болып табылады. Бұл сонымен қатар G20 трансшекаралық төлем бағдарламасының негізгі үлесі болып табылады. [21]

Халықаралық своптар мен туынды құралдар қауымдастығы (ISDA, International Swaps and Derivatives Association) криптовалюталарды тиімді реттеуді қалыптастыру мақсатында 2021 жылғы қыркүйекте крипто туынды

құралдармен сауда жасаудың стандартты қағидаларын белгілеуді ұсынды. Олар мыналарды қамтиды:

1. Криптовалюта мәртебесін анықтау: ISDA криптовалюталар валюта емес, керісінше цифрлық активтер болып саналады дейді. Алайда, қаржылық есептілік тұрғысынан олар валюта немесе бағалы қағаздар ретінде сыныпталуы мүмкін.

2. Нарық қатысушылары үшін тәуекел: ISDA криптовалюталар өте құбылмалы және тәуекел деңгейі жоғары болуы мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан нарық қатысушылары шығынға дайын болуы керек.

3. Реттеу қажеттілігі: ISDA инвесторларды қорғау және алаяқтықтың алдын алу үшін криптовалюталарды реттеу қажет деді. Алайда, қауымдастық реттеу тұтынушылардың қорғанысы мен инновациялардың дамуын теңестіруі керек екенін атап өтті.

4. Криптовалюталар туралы келісім: ISDA нарық қатысушылары үшін тәуекелді азайту үшін криптовалюта туралы келісімдердің стандартты қағидаларын белгілеуді ұсынады.

5. Есеп айырысу тетіктері: ISDA криптовалюта операциялары үшін есеп айырысу тетіктерін белгілеу қажет деді. Олар нарық қатысушылары үшін ашық және ыңғайлы болуы керек. [22]

ISDA 2022 жылы мамырда фьючерстер мен ETF-ті (*exchange-traded fund, биржада сататын қор - таңдалған базалық активтің құрылымын қайталайды*) қолдана отырып, криптоактив тәуекелдерін хеджирлеуге қатысты «криптоактив тәуекелдері және хеджирлеуді талдау» құжатын жариялады. Бұл құжат тиімді хеджирлеу қатынастарын, күшті байланысты және криптоактивтер мен олардың фьючерстері мен ETF арасындағы салыстырмалы түрде шағын базаны пайдалана отырып, криптоактивті хеджирлеу құрылымын құру мүмкіндігін ашады.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (FATF, Financial Action Task Force) ҚКЖ/ТҚҚ / ЖҚҚТҚҚ саласында халықаралық стандарттарды әзірлеумен айналысатын үкіметаралық ұйым криптовалюталарды «*виртуалды*» актив ретінде қарастырады.

FATF өзара бағалау есептеріне сәйкес, виртуалды активтер бойынша провайдерлердің қызметін (ВАПҚ) реттеу бойынша ең озық ел АҚШ болып табылады. Елде криптовалюта биржалары мен әмиян иелерін, сондай-ақ виртуалды активтерді беру бойынша қызмет провайдерлерін тіркеуді және лицензиялауды талап ететін заңнама бар. Сонымен қатар АҚШ-та қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын көптеген реттеуші органдар бар.

Виртуалды активтерді реттеу бойынша екінші орында Жапония тұр. Елде криптовалюта биржалары мен криптовалюта әмияндарының иелерін тіркеуді талап ететін заңнама бар. Жапондық реттеушілер сәйкестікті бақылауды қамтамасыз етеді және бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаға тартады.

Виртуалды активтерді реттеу бойынша үздік ондыққа Австралия, Канада, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Швеция және Нидерланды кіреді. Осы елдердің әрқайсысында заңдар мен реттеушілер бар, олар осы елдердегі ВАПҚ-тың ҚКЖ/ТҚҚ заңнамалық талаптарын және 15 FATF ұсынымдарының талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді.

Үздік ондықтағы барлық елдер үшін ортақ нәрсе - олар виртуалды активтер үшін реттеу ортасын құру үшін шаралар қабылдайды, ол ВАПҚ-ты тіркеуге және лицензиялауға қойылатын талаптарды, бақылауды жүзеге асыруды және бұзушылықтар үшін жаза тағайындауды қамтиды. Алайда, әр елдің өзіндік ерекшеліктері мен талаптары бар, бұл реттеуші арбитраждың тәуекелдерін арттырады.

Жалпы, FATF позициясына сәйкес әлемнің барлық елдеріне виртуалды активтерді пайдалану кезінде КД/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдерін толық бақылау, бұл үшін FATF 15-ші FATF ұсынысына сәйкес барлық ҚНИҚ-ны жүйелік тәуекелге бағытталған реттеуді құруды ұсынады (тіркеу/лицензиялау, реттеуші талаптарды белгілеу арқылы) лицензияланған ҚНИҚ), сондай-ақ КД/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдерін ұлттық және секторлық бағалауды мерзімді негізде жүргізу (ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру) ҚНИҚ секторының қатысуымен (және ұлттық бағалауды ескере отырып, өзінің корпоративтік бағалауларының ҚНИҚ жүргізу) және көрсетілген бағалау қорытындылары бойынша КД/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдері мен қауіптерін азайту жөніндегі шараларды әзірлеу ұсынылады. Толық реттеу болмаған жағдайда, FATF виртуалды активтердің айналымына толық тыйым салуды талап етеді. [24]

Осылайша, халықаралық қаржы ұйымдары криптоактивтер нарығын реттеуге жаһандық үйлестіру мен кешенді көзқарастың маңыздылығын атап көрсетеді. Халықаралық ұйымдардың ұсынымдары криптоактивтердің ашық, қауіпсіз және орнықты нарығын құруға бағытталған.

4. КРИПТОАКТИВТЕРДІ РЕТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПРАКТИКАСЫ

Қазақстанда криптоактивтерді реттеуді шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1) Реттеуді қалыптастыруды бастау (2020 жылдан бастап 2022 жылғы аралықтағы айналысқа тыйым салу)

Қазақстанда криптоактивтер нарығын құқықтық реттеуді қалыптастыру процесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы №347-VI Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаудан басталды. Осы заң шеңберінде «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына криптоактивтерді реттеу үшін базалық ережелер енгізілді. «Цифрлық актив», «қамтамасыз етілген цифрлық актив», «қамтамасыз етілмеген цифрлық актив», «майнинг» сияқты негізгі ұғымдар айқындалды, сондай-ақ цифрлық активтер айналымының және майнинг қызметінің құқықтық режимдері сипатталды.

Осы заңға сәйкес, **цифрлық актив** криптография мен компьютерлік есептеулерді қолдана отырып, электронды түрде жасалған мүлік ретінде анықталады, ол **қаржы құралы болып табылмайды**, бірақ цифрлық формада

мүліктік құқықтарды растау ретінде қызмет ете алады. Маңыздысы, цифрлық актив **төлем құралы бола алмайды.**

Занда цифрлық активтер:

- **«Қамтамасыз етілген цифрлық активтер»** — эмитент шығарған тауарларға немесе қызметтерге мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілер. Бұл негізінен утилитарлық токендер.

- **«Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер»** — бұл криптоактивтердің қалған түрлері, соның ішінде криптовалюталар, стабилкойндер, цифрлық қаржы активтері, токенделген активтер, NFT және тағы басқалар болып бөлінеді.

Көрсетілген Заңның талаптарына сәйкес **қамтамасыз етілген цифрлық активтерді** шығаруға және оның айналысын ұйымдастыруға байланысты қызмет уәкілетті мемлекеттік органды – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін (бұдан әрі – ЦДИАӨМ) **хабардар етуді талап етеді.**

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге келетін болсақ, заңнамада арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың Қазақстан аумағындағы айналымына **тыйым салынады.**

Заң уәкілетті мемлекеттік органға хабарланған жағдайда **майнинг қызметімен** айналысуға мүмкіндік берді. Бұл **айтарлықтай шектеулер қойылмай жұмыс істей алатын** майнинг компаниялары үшін құқықтық негіз құрды, бірақ **криптоактивтер саудасынына тыйым салынды.**

Майнинг өндірісінің танымалдығының артуы, әсіресе 2018 жылы криптоактивтерге тыйым салынған майнерлердің Қытайдан Қазақстанға қоныс аударуынан кейін елдің энергетикалық инфрақұрылымына жүктеменің артуына әкелді. Бұған жауап ретінде 2021 жылы «криптовалюта майнингіне салық» енгізілді, ол майнинг фермалары тұтынатын электр энергиясының әрбір киловатт-сағаты үшін 1 теңгені құрады. Бұл шешім энергетикалық жүйеге қысымды төмендетуге және майнинг саласына қатысушылар үшін қатаң ережелер орнатуға бағытталған. Сондай-ақ, майнинг компанияларын міндетті тіркеу бойынша талаптар енгізілді, бұл мемлекетке олардың қызметін жақсы бақылауға және қарқынды дамып келе жатқан саладан салық түсімдерін алуға мүмкіндік берді.

2) Жаңа тетіктің пилоттық фазасы (2022 жылғы тамыздан бастап 2023 жылғы қарашаны қоса алғанда)

Кембридж университетінің бағалауы бойынша Қазақстан 2021 жылы **криптовалюта өндіру көлемі бойынша әлемде екінші орынды** иелеген. 2021 жылы Қазақстанның биткойн өндірісіндегі үлесі 18,1%-ды құрады. Бірінші және үшінші орындарда АҚШ пен Ресей, олардың осы криптовалютаның жаһандық майнинг өндірісіндегі үлесі тиісінше 35,4%-ды және 11,2%-ды құрады. 2020-2021 жылдары арзан электр энергиясы есебінен майнинг қызметті танымалдығының өсуі және ұлттық энергетикалық жүйеге жүктеме Қазақстанға тағы да шетелдік компаниялар үшін шикізат қосымшасы болуға уәде берді.

Маркетинг қызметін жүзеге асыратын компаниялар көп жағдайда шетелдік компаниялар болды. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің

(криптовалюталардың) майнинг көлемі бойынша Қазақстанның көшбасшылық позициясына қарамастан, **қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) майнингінен елге экономикалық әсері** ең төмен болды, өйткені шетелдік майнерлер Қазақстанда арзан электр энергиясын пайдалана отырып, елде криптовалюта өндіріп, халықаралық крипто алаңдарда шетел валютасына сатты. Бұл ретте елде өндірілген криптовалюталарды шетелдік нарықтарда сатудан түскен валюталық түсімді майнерлер Қазақстанға қайтармады және Қазақстанның заңдық құзырынан тыс қалды.

Бұл ретте халықаралық крипто алаңдар мен орталықтандырылмаған криптобиржалар арқылы Қазақстан азаматтарының халықаралық криптовалюта нарығына белсенді қатысуы байқалды. Азаматтар мемлекет тарапынан мүдделерін қорғау және алынатын табысты заңдастыру мүмкіндігінсіз өз қаражаттарын тәуекелге тікті. Алаяқтық схемалар мен крипто-пирамидалар жағдайлары жиілеп кетті.

Мұндай жағдай майнинг қызметін реттеуді енгізуді, оның ішінде энергияның артық көлемі бар өңірлерде орналасу мүмкіндігін тіркеу кезінде айқындау бөлігінде және **елде өзінің криптовалюта экожүйесін қалыптастыруды бастауға** қолданыстағы криптовалюта айналымына тыйым салуды әлсіретуді талап етті.

Алайда, криптовалюта айналымын заңдастыруға және нарықтың дайын болмауына байланысты жоғары тәуекелдер, оның ішінде алаяқтық схемалардың/операциялардың күрт өсу ықтималдығы және криптовалюталардың құбылмалы нарығында қаражатты инвестициялау мәселелерінде қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі салдарынан азаматтардың өз қаражатын жаппай жоғалту ықтималдығы крипто-индустрияға толық қолжетімділікті ашудан теріс әсерлерге әкелуі мүмкін.

Мұндай жағдайда Үкімет Ұлттық Банкпен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) криптобиржаларының Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерімен өзара іс-қимылы жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналысына ел аумағында тыйым салынды. Бұған АХҚО аумағы да қосылмады, оның шеңберінде АХҚО туралы Конституциялық заңда криптобиржалардың қызметін жүзеге асыруға рұқсат етілді.

Пилоттық жоба шеңберінде қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің АХҚО криптобиржаларына қызмет көрсету тетігі әзірленді, яғни АХҚО криптобиржа клиенттерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, криптовалюталарды сатып алу және сату жөніндегі операцияларына қазақстандық банктер қызмет көрсете бастады, бұл АХҚО криптобиржаларының қызметін бастауға мүмкіндік берді. Бұған дейін АХҚО криптобиржалары қазақстандық банктердің олардың операцияларына қызмет

көрсетусіз фиат эжожүйесіне қол жеткізе алмады, тиісінше клиенттердің криптовалюталарын сатып алу/сату бойынша операцияларына қызмет көрсете алмады.

Мүдделі мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен өзара іс-қимылда АХҚО криптобиржаларының жұмыс істеуінің нақты шарттарын айқындайтын пилоттық жобаның қағидаларын, оның ішінде криптобиржалардағы сауда-саттыққа қатысушы тұлғалар тобын (*білікті және біліктілігі жоқ кәсіби және бөлшек инвесторлар*) бекітті. Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлғалар майнерлерді қоспағанда шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражатты жаппай жоғалтуына жол бермеу мақсатында сауда-саттыққа жіберілмеді, клиенттер үшін олардың санаты мен біліктілігіне қарай криптовалюталарды сатып алуға лимиттер айқындалды, криптобиржаларға қойылатын біліктілік талаптары, КҮС және АМЛ бойынша талаптар және басқалар белгіленді.


Пилоттық жобаның мақсаты сынақтан өткізу (пилоттау), толыққанды форматтағы жалпыланған юрисдикция аралық крипто-фиаттық практиканы одан әрі масштабтау үшін шектеулі ортадағы жаңа крипто-фиат тетігі және қазақстандық банктер арқылы инвесторларға осы нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, АХҚО-да крипто-нарықтың жұмыс істеуі үшін теңгерімді реттеуші ортаны қалыптастыру бойынша тәсілдерді әзірлеу болды.

Пилоттық жоба аясында АХҚО криптобиржаларында сауда-саттық 2022 жылғы қыркүйекте басталды. Пилоттық фаза 2023 жылғы қараша айына дейін созылды. Пилоттық жобаны іске асыруға **АХҚО-ның 6 криптобиржасы** және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі **8 банкі** қатысты. Пилоттық жобаның жұмыс істеу кезеңінде АХҚО криптобиржаларында **219,1 млн. АҚШ доллар** сомасына сауда-саттық жүргізілген.

АХҚО криптобиржаларына пилот шеңберінде **сауда-саттыққа 47 мыңнан астам инвестор**, оның ішінде 45 мыңға жуық бөлшек инвестор (*жеке тұлғалар*) және 2 мыңға жуық кәсіби инвестор (*заңды тұлғалар*) қатысты.

Бұл ретте, инвесторлардың түрлері бөлінісінде Пилоттық жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде **сауда-саттық көлемінің құрылымы кәсіби инвесторлардың 60,1%** (*131,6 млн. АҚШ доллары*), бөлшек инвесторлардың үлесіне **39,9%** (*87,5 млн. АҚШ доллары*) болады. Кәсіби инвесторлардың сауда-саттық құрылымында олардың саны аз болған жағдайда олардың басым болуы бөлшек инвесторлар үшін бір ай ішінде АХҚО криптобиржасында цифрлық активтерді сатып алуға 1000 АҚШ доллары мөлшерінде лимиттің болуына байланысты.

Клиенттерді сыныптау бөлінісінде пилоттық фазада АХҚО криптобиржаларында сауда-саттықтың құрылымы




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Криптобиржа клиенттері бөлінісінде айналымның **61%-дан астамы Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің үлесіне** тигенін атап өткен жөн.

Пилоттық жобаның қолда бар нәтижелері жергілікті және шетелдік инвесторлардың елдің криптофиаттық инфрақұрылымына қызығушылығын көрсетеді.

АХҚО крипто биржасының клиенттері бөлінісінде жиынтық ақша айналымының құрылымы



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Пилоттық жобаны іске асыру нәтижесінде цифрлық активтермен мәмілелерді орындамау, инвесторлардың құқықтарын және крипто-инвесторлар қаражатының сақталуына қойылатын талаптарды бұзу және өзге де бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ (елден ақша алу, кибершабуылдар және

Пилоттық жоба қағидалары мен Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері), бұл цифрлық активтердің айналымына байланысты қызметке тән тәуекелдерді азайту үшін цифрлық активтермен штаттық операциялар мен транзакцияларды және шектеулерді (лимиттерді) бақылау бойынша пилоттық режимнің реттеуші тәсілдерінің **орташа тиімділігін** көрсетеді.

Осылайша, пилоттық режим шеңберінде бірлесіп әзірленген шаралар кешені цифрлық активтерді пайдалана отырып, операцияларды тиімді бақылауды және цифрлық активтердің айналымына байланысты қызметке тән тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды қолдануды қамтамасыз ете отырып, қазақстандық банктермен өзара іс-қимылда АХҚО криптобиржаларының жұмыс істеуін реттеудің нақты шарттарын және теңгерімді тетігін көздеді.

3) қазақстандық банктермен өзара іс-қимыл жасай отырып, АХҚО аумағында криптовалюталардың айналысын заңнамалық реттеуді енгізу (2023 жылғы қараша қазіргі уақытқа дейін)

Жүргізіліп жатқан пилоттық бастау және оның көрсеткіштерін ескере отырып 2022 жылдың соңында мүдделі мемлекеттік органдар реттеуші базаны қалыптастыруды бастады.

06.02.2023 жылдың нәтижесінде «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Цифрлық активтер туралы заң) қабылданды, оның шеңберінде пилоттық кезінде қолданылып жүрген жекелеген шектеулерді алып тастауды көздейтін пилоттық практика жинақталды. Мәселен, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына сауда-саттыққа қатысуға рұқсат етілді. Қалыптасқан реттеу шеңберінде – крипто брокерлер, крипто-дилерлер, инвестициялық компаниялар сияқты крипто-нарыққа қатысушы жаңа субъектілер пайда болды, сондай-ақ крипто-стейкинг, маржалық сауда, crypto-currency lending (цифрлық активтерге кепіл затымен ауыртпалық салу арқылы фиат тарту) және т.б. бойынша операцияларға рұқсат етілді.

Сонымен қатар, Цифрлық активтер туралы заң АХҚО аумағын қоспағанда, ел аумағында **қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналымына тыйым салу бойынша** бұрын қолданыста болған нормаларды қабылдады. Қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген **цифрлық активтердің барлық түрлері** де ел аумағындағы заңды төлем құралы және/немесе қаржы активтері/құралдары болып танылмайды. Криптовалюталар, стейблкоиндар, токенделген активтер, цифрлық қаржы активтері (ЦҚА), NFT де **қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге жатады.**

Бұл ретте «цифрлық актив», «қамтамасыз етілген цифрлық актив», «қамтамасыз етілмеген цифрлық актив» анықтамаларына редакциялық өзгерістер енгізілді. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналысы қазақстандық банктермен өзара іс-қимыл жасай отырып, **АХҚО аумағында ғана шешілетіні нақты айқындалған.**

Сонымен қатар, **майнинг саласын реттеу** енгізілді: ЦДИАӨМ жағында цифрлық майнинг өндірісін лицензиялау және майнинг-пулды аккредиттеу. Электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік

орган «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес цифрлық майнерлерді электр желілеріне қосуға қойылатын талаптарды айқындайтын, цифрлық майнерлерге электр энергиясына квотаны айқындау тетігін бекітетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын талаптар бекітілді.

Цифрлық активтер туралы заңға сәйкес цифрлық активтер биржасы мен АХҚО цифрлық активтер нарығы субъектілерінің қазақстандық банктермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен тетіктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен келісім бойынша АХҚО-ның тиісті құжатымен бекітіледі.

Бұл құжат/Өзара іс-қимыл ережелері 2023 жылғы желтоқсанда келісіліп, бекітілді, бұл пилоттық режимнің аяқталуын әрі өнеркәсіптік режимге көшуді білдіреді.

2023 жылғы қаңтар – 2024 жылғы тамыз аралығында **АХҚО 10 криптобиржасында, 3 криптоброкерлерде, 1 крипто басқарушы 8 қазақстандық банк арқылы 704 млн АҚШ доллары** сомасына операциялар жүргізілді.

АХҚО криптобиржаларына 100 мыңнан астам клиент қатысады, олардың 90%-ы бөлшек клиенттер.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, 2023 жылы бюджетке цифрлық активтер индустриясынан шамамен 9 млрд теңге, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында цифрлық майнинг индустриясынан 3,5 млрд теңге түсті.

Қазақстан қаржы жүйесі мен экономика үшін қауіптерді барынша азайту мақсатында **цифрлық активтердің экожүйесін абайлап және кезең-кезеңмен кеңейту стратегиясын** көрсетеді. «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) шеңберінде криптовалюта айналымына ішінара рұқсатты енгізу жөніндегі Қазақстанның тәжірибесін тиімді және уақтылы деп санауға болады. Бірінші кезеңде бұл қадам цифрлық активтермен жұмыс істеудің құқықтық және реттеуші тетіктерін тестілеу үшін платформаны, сондай-ақ шектеулі қолжетімділік жағдайында реттеу практикасын әзірлеуді қамтамасыз етті, бұл әлеуетті тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік берді.

Мұндай біртіндеп тәсіл мемлекеттік органдарға криптовалюталардың құбылмалылығына, ақшаны жылыстату мүмкіндіктеріне, киберқауіпке және инвесторлардың тәжірибесіздігіне байланысты тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік берді. Бұл цифрлық активтер нарығын қауіпсіз кеңейтуге ықпал еткен ақталған шешім болды.

Алайда, криптоактивтерге деген қызығушылықтың артуымен қазақстандықтар шетелдік алаңдар арқылы сауда мен инвестицияларға белсенді қатыса бастады. Сарапшылардың бағалауы бойынша **1,5 миллионнан астам қазақстандық АХҚО** юрисдикциясынан тыс криптоактивтердің әлемдік айналымына тартылған. Олардың көпшілігі, әсіресе біліктілігі жоқ инвесторлар, хакерлік шабуылдарға, алаяқтық схемаларға және жалған активтерді басқаруға тап болады, бұл едәуір қаржылық шығындарға әкеп соғады. Бұл

криптовалюталармен операцияларына толық бақылауды қамтамасыз етпейтін ағымдағы тыйым салу шараларының тиімсіздігі проблемасын көрсетеді.

Тәуекелдерді азайту және азаматтардың «сұр» арналардан лицензияланған криптобиржаларға көшуі үшін **Қазақстан аумағында тиісті инфрақұрылым құру талап етіледі. Жаңа қауіпсіз қаржы құралдарына** қол жеткізуді қамтамасыз ету және **ұлттық реттеуші деңгейінде** олардың қызметін бақылау мен қадағалауды қоса алғанда, инфрақұрылымдық субъектілердің қызметін реттеуді бекіту маңызды. Бұл капиталды шығаруды және бақыланбайтын криптовалюталық алаңдар арқылы ақшаны жылыстатуды болдырмауға көмектеседі.

Мәселен, қазіргі уақытта нарықта **токенделген активтерге және цифрлық қаржы құралдарына** жоғары сұраныс байқалады. Бұл инновациялар капитал тартуға, инвестициялық портфельдерді әртараптандыруға және өтімділікті арттыруға ықпал ете отырып, қаржы нарығының мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуі мүмкін. Активтерді токендеу компанияларға акциялар, облигациялар және жылжымайтын мүлік сияқты дәстүрлі қаржы құралдарының цифрлық баламаларын шығаруға мүмкіндік береді, бұл осы активтерге қол жеткізуді жеңілдетеді және инвесторлар үшін кедергілерді азайтады.

Токенделген активтер мен цифрлық қаржы құралдары делдалдардың қатысуынсыз мәмілелердің талаптарын автоматты түрде орындайтын смарт-келісімшарттар сияқты жаңа қаржы өнімдерінің пайда болуын ынталандырады. Бұл операциялардың ашықтығын арттырады, шығындарды азайтады және үдерістерді жеделдетеді, бұл өз кезегінде ұлттық цифрлық экономиканың дамуына ықпал етеді.

Осылайша, бүгінгі сын-қатер инвестициялау үшін қауіпсіз құралдар жасау қажеттілігінде жатыр, бұл отандық крипто нарығына дамудың жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. **Озық технологияларға және ашық реттеуге негізделген** мұндай инфрақұрылымды енгізу нарықтың тұрақты өсуін және инвесторлар мен мемлекет үшін тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз етеді. Бұл сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының ұсынымдарына және үздік халықаралық практикаға сәйкес келеді.

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Халықаралық тәжірибе әрбір елдің өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді және осыған сүйене отырып, реттеу модельдерін (тәсілдерін) және тиісті талаптар мен шектеулерді қалыптастырады. Көптеген елдерде жаппай тыйым салудың дәрменсіздігіне байланысты криптовалюталық операцияларының тәуекелдерін барынша азайту мақсатында криптовалюта айналымын жүйелік реттеуді енгізуге дәйекті және әдістемелік түрде қарайды.

Нәтижесінде криптоактивтер айналымын теңгерімді реттеу АҚШ, Жапония, Еуропалық одақ елдері (Криптоактивтер нарықтары туралы регламент арқылы – MiCA), Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты елдерде, сондай-ақ БАӘ,

Гонконг және басқалары сияқты арнайы экономикалық аймақтарда айналымға ішінара рұқсат етілген елдерде тиімді және уақтылы енгізілді. Бұл елдер қаржы жүйесі үшін тәуекелдерді барынша азайтып және нарыққа қатысушыларды қорғауды қамтамасыз ете отырып, криптоиндустрияда инновациялық технологияларды дамытуға мүмкіндік беретін икемді және ойластырылған реттегіш тетіктерді әзірледі.

Бразилия, Аргентина, Мексика және Венесуэла сияқты жекелеген елдер де криптоактивтерді теңгерімді реттеуді ендіру әрекеттеріне көше бастады. Олар дәстүрлі қаржы жүйесінен криптовалютаға өтімділік ағыны сияқты реттеудің жоқтығынан туындаған тәуекелдерді біледі, бұл экономиканы тұрақсыздандыра алады. Бұл елдер криптоактивтерді реттеуді олардың экономикалық жағдайы мен ұлттық мүдделерін ескере отырып, оларды қауіпсіз пайдалану және қаржы жүйесіне кіріктіру үшін жағдай жасауға ұмтылады.

Алайда Үндістан, Түркия, Бангладеш, Нигерия, Пәкістан және Қытай сияқты елдердің мысалы криптоактивтерге жаппай тыйым салудың дәрменсіздігін көрсетеді. Криптовалюта айналымына қатаң шектеулер мен тыйым салуларға қарамастан, бұл елдердің барлығы Chainalysis есебіне сәйкес, криптовалюталық жаһандық ену индексі бойынша үздік 20 елдің қатарына кіреді. Бұл қатаң шаралар криптовалюталарды пайдалануды тоқтатпайтынын, тек параллельді, аз реттелетін нарықтар құратынын көрсетеді. Мысалы, әлемде криптовалюталардың жаһандық ену индексі бойынша 20-орында тұрған Қытайда криптовалюталарға тыйым салу оларды пайдалануды толығымен тоқтата алмады. Бұл қатаң саясатты неғұрлым икемді және бақыланатын реттеу пайдасына қайта қарау қажеттігін куәландырады.

Осылайша, практика көрсетіп отырғандай, тиісті реттегіш базасыз криптовалюталық пайдалану ауқымын бақылаусыз кеңейту кезінде оларға тән тәуекелдер жүйелі сипатқа ие болады және қаржылық қылмыстардың өсуі, азаматтардың қаражатының жоғалуы, криптовалюталардағы өтімділік талпыныстары және қаржылық тұрақтылыққа қатер сияқты елеулі салдарларға әкеледі. Осыған байланысты жүйелік тәуекелдерді болдырмау және олардың қаржы жүйесі үшін салдарларын барынша азайту үшін барабар және алдын алу шараларын қабылдау қажет болады.

Қазақстан тәжірибесі Алматы Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) аумағында криптовалюта айналымын шешу реттеу моделін байқаудан өткізу үшін ақталған қадам болғанын көрсетеді. Бұл мемлекеттік органдарға да (реттеу тұрғысынан), халыққа да криптовалюталық инвестициялау саласында білім мен тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді.

Дегенмен, ағымдағы сын-қатерлер азаматтардың едәуір санының (шамамен 1,5 млн адам) бақыланбайтын халықаралық орталықсыздандырылған биржаларға қатысуын жалғастыратынын көрсетеді, бұл тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың болмауы, қаражатты қалпына келтіру мүмкіндігінсіз жоғалту мүмкіндігі және салықтан жалтару сияқты тәуекелдерге әкеп соғады, бұл ел экономикасына теріс әсерін тигізеді. Ел азаматтарын бақыланбайтын сұр

криптовалюталар нарығына ауқымды тарту криптовалюталарға тән барлық тәуекелдердің сақталуына ықпал етеді.

Мұндай жағдайларда азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін және экономика үшін әлеуетті тәуекелдерді барынша азайтатын криптоактивтерді реттеудің келісілген және интеграцияланған тәсілін әзірлеу аса маңызды.

Тиімді реттеудің маңызды аспектісі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады. Криптоактивтерге байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сезінбей, азаматтар қаржылық шығындарға осал болып қалады. Пайдаланушыларды криптовалюталармен жұмыс істеу қағидалары және олармен байланысты тәуекелдер туралы оқыту және ақпараттандыру инвестицияларға саналы және жауапты көзқарас қалыптастыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде нарыққа деген сенім деңгейін арттырады.

Оған қатысушылардың рөлдері мен жауапкершілігін бөле отырып, нарықта нақты бизнес-процестерді қалыптастыру қажет. Қосымша талаптарды күшейтіп, капиталды шығаруды және ақшаны жылыстатуды болдырмау үшін клиенттерді сәйкестендіру, транзакциялар мониторингі және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл қағидаларын (AML) сақтау бойынша қатаң және нақты нормалар мен стандарттарды белгілеу қажет, бұл өз кезегінде криптовалюта нарығына деген сенімді нығайтады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта **активтерді токендеу және цифрлық қаржы активтерін құру** неғұрлым белсенді дамып келе жатқан бағыт болып табылады. Бұл құралдар екі экожүйенің артықшылықтарын біріктіре отырып, дәстүрлі қаржы жүйелеріне криптоиндустрияның озық технологияларын ендірудің өнімі болып табылады. Мұндай бастамалар неғұрлым үйреншікті қаржы жүйелері шеңберінде орталықсыздандырылған қаржының (DeFi) инновациялық практикаларын пайдалануға мүмкіндік бере отырып, криптоиндустрия мен дәстүрлі қаржы нарығының қисынды дамуы болып табылады.

Еуропалық одақ және басқа да көптеген елдер үшін активтер мен цифрлық қаржы активтерін токендеу активтердің өтімділігін арттыруға, мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқаруды жақсартуға және инвестициялар тартуды ынталандыруға мүмкіндік беретін басым бағытқа айналады. Активтерді цифрландыру мәмілелерді оңайлатуды, активтерді басқаруды автоматтандыруды, сондай-ақ операциялық шығыстарды азайтуды қоса алғанда, қаржы нарықтарындағы процестерді оңтайландыру үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды.

Цифрлық қаржы активтері бұрын күрделі қаржы құралдарына қол жеткізе алмағандарды қоса алғанда, бүкіл әлем бойынша пайдаланушылар үшін инвестициялық өнімдердің неғұрлым кең ауқымына қол жеткізуді ашады. Бұл қаржы нарықтарын демократияландыруға және жаһандық интеграцияны күшейтуге ықпал етеді. Бұдан басқа, активтерді токендеу смарт-келісімшарттар мен блокчейн-технологияларды пайдалану арқылы қауіпсіздік пен сенімнің

неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, бұл алаяқтық пен адам қателіктерінің тәуекелдерін азайтады.

Алайда, цифрлық қаржы активтерін тиімді ендіру үшін инвесторлардың мүдделерін қорғауды, қаржылық тұрақтылықты және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді құқықтық және реттеуші инфрақұрылым құру қажет. Құқықтық белгісіздікті болдырмау және қиянат жасау үшін токенделген активтер үшін нақты стандарттар мен талаптар әзірлеу қажет.

Бұл жерде кешенді білім беру бағдарламасын құру маңызды рөл атқарады, бұл адамдарға жаңа құралдарды саналы және тиімді пайдалануға және тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай негізгі қорытындыларды бөліп көрсетуге болады:

1. Әлемдік тәжірибе **криптоактивтерге тыйым салудың тиімсіздігін** көрсетеді. Тыйым салу адамдардың криптовалюталар мен блокчейн технологияларына қол жеткізуіне кедергі келтірмейді, өйткені жаһандану мен халықаралық платформалар оларды қатаң шектеулер жағдайында да пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл өз крипто-экожүйесін дамыту қажеттігін растайды.

2. **Теңгерімді реттеу – ең тиімді жол.** Дамыған елдер тәуекелдерді азайтып қана қоймай, инновациялық технологияларды дамытуға мүмкіндік беретін реттеуді ендірудің маңыздылығын сезінеді. Мұндай тәсіл криптоактивтердің заңсыз айналымын болдырмауға және қаржы жүйесі үшін тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді. Бұл мәселеде жаңа құралдарды саналы түрде пайдалану және одан пайда табу үшін халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру да маңызды болып табылады.

3. **Реттеу криптоактивтерге тән тәуекелдерді нивелирлеуі мүмкін.** Дұрыс заңнамалық реттеу пайдаланушыларды қорғауды және қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, алаяқтық, кибершабуыл және ақшаны жылыстату сияқты тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді. Рөлдер мен жауапкершілікті бөле отырып, нарыққа қатысушыларды нақты реттеуді құру, сондай-ақ криптоактивтерді құқыққа қарсы мақсаттарда пайдалануға жол бермеу үшін AML және KYC күшейтілген шараларын қалыптастыру талап етіледі.

4. **Дұрыс реттеу экономикалық өсімге үлес қосады.** Криптоактивтерді реттейтін заңнаманы енгізу салық түсімдерінің ұлғаюына ықпал етеді және нарыққа қатысушылардың кірістерін неғұрлым ашық етеді. Бұл жаңа қаржы өнімдері мен сервистерін дамытуды ынталандырады, бұл өз кезегінде экономиканың өсуіне ықпал етеді.

5. **Цифрлық қаржы активтері мен токендеу перспективалары.** Неғұрлым перспективалы бағыттардың бірі цифрлық қаржы активтерін дамыту және жылжымайтын мүлік және бағалы қағаздар сияқты нақты активтерді токендеу болып табылады. Бұл үшін оларды пайдалануға заңнамалық түрде рұқсат беру және инвесторлар мен компаниялар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын тиісті нормативтік базаны әзірлеу қажет.

Баяндалған қорытындыларды ескере отырып, Қазақстанда криптоиндустрияны реттеудің толыққанды және теңгерімді режимін дамыту үшін мынадай ұсыныстар бар:

1) **криптовалюталық өзіндік тәуекелдерін ескеретін және олардың экономикаға ықпалдасуына ықпал ететін «ақылды реттеу» қағидаттарын** енгізу;

2) халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға назар аудару;

3) AML және КҮС бойынша есептеулер мен түсінікті тетіктер мен талаптар әзірлеу;

4) **нарыққа қатысушылар үшін**, әсіресе инвесторлар мен тұтынушылар үшін қаржылық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында **құқықтық қорғауды** қамтамасыз ету;

5) **нақты активтер мен цифрлық қаржы активтерін токендеуді заңнамалық түрде бекіту**, бұл экономикалық өсу және инвестициялар тарту үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды.

6. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Криптовалютная платформа CoinGecko, Глобальные графики рыночной капитализации криптовалют (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.coingecko.com/ru/global-charts>;
2. Total market capitalizations of companies listed on stock exchanges worldwide from 2013 to 2023 (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.statista.com/statistics/274490/global-value-of-share-holdings-since-2000/>;
3. Баяндама: «Decentralised financial technologies» Report on financial stability, regulatory and governance implications of Financial Stability Board (2019) Қолжеткізу режимі: <https://www.fsb.org/wp-content/uploads/P060619.pdf>;
4. Blockchain & Cryptocurrency Laws and Regulations 2024 (2024). Қолжеткізу режимі: [https://www.globallegalinsights.com/practice-areas/blockchain-laws-and-regulations/usa/#:~:text=by%20existing%20regulations.,Sales%20regulation,MSB%E2%80%9D\)%20under%20federal%20law.;](https://www.globallegalinsights.com/practice-areas/blockchain-laws-and-regulations/usa/#:~:text=by%20existing%20regulations.,Sales%20regulation,MSB%E2%80%9D)%20under%20federal%20law.;)
5. SEC США сильно ограничивает криптобизнес (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.rbc.ru/crypto/news/669f6a669a79472eefd28688>;
6. Какие перспективы у трансграничных платежей в криптовалюте (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.vedomosti.ru/finance/articles/2024/08/28/1058359-kakie-perspektivi-u-transgranichnih-platezhei-v-kriptovalyute>;
7. Цифровые финансовые активы в России (2024). Қолжеткізу режимі: [https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F:%D0%A6%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%8B%D0%B5_%D1%84%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%B2%D1%8B%D0%B5_%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D1%8B_%D0%B2_%D0%A0%D0%BE%D1%81%D1%81%D0%B8%D0%B8](https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F:%D0%A6%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%8B%D0%B5_%D1%84%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%B2%D1%8B%D0%B5_%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D1%8B_%D0%B2_%D0%A0%D0%BE%D1%81%D1%81%D0%B8%D0%B8;);
8. Markets in Crypto-Assets Regulation (MiCA) (2022). Қолжеткізу режимі: <https://www.esma.europa.eu/esmas-activities/digital-finance-and-innovation/markets-crypto-assets-regulation-mica>;
9. European Commission. Crypto-assets (2024). Қолжеткізу режимі: https://finance.ec.europa.eu/digital-finance/crypto-assets_en#legislation;
10. The 2024 Global Adoption Index: Central & Southern Asia and Oceania (CSAO) Region Leads the World in Terms of Global Cryptocurrency Adoption (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.chainalysis.com/blog/2024-global-crypto-adoption-index/>
11. Blockchain & Cryptocurrency Laws and Regulations 2024 (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.globallegalinsights.com/practice-areas/blockchain-laws-and-regulations/japan/>;
12. China's History With Cryptocurrency (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.investopedia.com/news/price-cryptocurrencies-totally-dependent-china/#:~:text=China%20does%20not%20allow%20cryptocurrency,from%20mainland%20Chinese%20financial%20regulations.;>

13. *Cryptocurrency Law in India (2024 Regulation & Tax Updates)* (2024). Қолжеткізу режимі: <https://www.lawpreptutorial.com/blog/cryptocurrency-regulation-in-india/>;
14. *Overview of Nigeria's dynamic cryptocurrency regulatory landscape* (2024). Қолжеткізу режимі: [https://www.ibanet.org/overview-of-cryptocurrency-regulatory-landscape-nigeria#:~:text=It%20is%20important%20to%20note,from%20processing%20enabling%20such%20transactions](https://www.ibanet.org/overview-of-cryptocurrency-regulatory-landscape-nigeria#:~:text=It%20is%20important%20to%20note,from%20processing%20enabling%20such%20transactions;);
15. *Public Notice CAUTION REGARDING RISKS OF VIRTUAL CURRENCIES* (2018). Қолжеткізу режимі: <https://www.sbp.org.pk/warnings/pdf/2018/PBNT-VC.pdf>;
16. *Turkey's crypto rules seen addressing licensing, taxation after boom* (2023). Қолжеткізу режимі: <https://www.reuters.com/business/finance/turkeys-crypto-rules-seen-addressing-licensing-taxation-after-boom-2023-11-14/>;
17. *Бангладеш объявил Bitcoin вне закона* (2014). Қолжеткізу режимі: <https://psm7.com/ru/news/bangladesh-announced-bitcoin-illegal.html>;
18. Баяндама: IMF-FSB Synthesis Paper: Policies for Crypto-Assets (2023). Қолжеткізу режимі: <https://www.fsb.org/uploads/R070923-1.pdf>;
19. Баяндама: Issues, Risks and Regulatory Considerations Relating to Crypto-Asset Trading Platforms Consultation Report (2019). Қолжеткізу режимі: <https://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD627.pdf>;
20. Соңғы баяндама: Policy Recommendations for Crypto and Digital Asset Markets Consultation Report (2023). Қолжеткізу режимі: <https://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD747.pdf> / <https://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD755.pdf> ;
21. Баяндама: Committee on Payments and Market Infrastructures, Board of the International Organization of Securities Commissions, Application of the Principles for Financial Market Infrastructures to stablecoin arrangements (2022). Қолжеткізу режимі: <https://www.bis.org/cpmi/publ/d206.pdf>;
22. *First Steps to Crypto Derivatives Standards* (2022). Қолжеткізу режимі: <https://www.isda.org/2021/09/30/first-steps-to-crypto-derivatives-standards/>;
23. *Crypto-asset Risks and Hedging Analysis* (2022). Қолжеткізу режимі: <https://www.isda.org/a/pMWgE/Crypto-asset-Risks-and-Hedging-Analysis.pdf>
24. *Updated Guidance for a Risk-Based Approach to Virtual Assets and Virtual Asset Service Providers* (2021). Қолжеткізу режимі: <https://www.fatf-gafi.org/en/publications/fatfrecommendations/documents/guidance-rba-virtual-assets-2021.html>;
25. *Оборот криптовалютных операций в Кыргызстане увеличился на 166%* (2024). Қолжеткізу режимі: <https://fintech-retail.com/2024/09/17/crupta/>.